



23 мамыр, сенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

COVID-19

2 №13 қаулының орындалуы қалай?

ЭКОНОМИКА

4 Ауылды қолдау – келешекті ойлау

ТАБИҒАТ

6 Дархан даланың еркесі

КОЛДАУ

8 Үміт отын жағу – үлкен жеңіс

ЖАЛАҒАШ: ТЫҢ ЖОБАЛАР ТИІМДІЛІК ӘКЕЛУІ КЕРЕК

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова жұмыс сапарымен Жалағаш ауданында болды. Өңір басшысы Еңбек, Мәдениет, Мақпалкөл және Таң ауылдарында аялдап, жұртшылықпен кездесті.

Сб Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы».

Жалағаш – облыстағы Сыр маржанының үштен бір бөлігін өндіретін ынтымағы жарасқан, ырысты аудан. Оның ішінде Еңбек ауылындағы дикан ағайынның да еңбегі еселі. Облыс басшысына ауыл әкімі Қайрулла Қалданов атқарылған жұмыстарды қысқаша баяндады. Оның айтуынша, бір ғана «Еңбек жер» ЖШС-ның директоры Ш.Ысқаковтың жеке қаражаты есебінен жүргізілген игі істер жетерлік. Ауылда жаңа мейманхана, шағын маркет, спорт кешені тұрғызылған, мешіт жөндеуден өтіп, бірқатар көшелер тегістеліп, асфальтталған. Осының нәтижесінде ауыл ажары бұрынғыдан арта түскен. Ал күріш өсірумен айналысатын шаруашылықтың арқасында жергілікті тұрғындардың жағдайы жақсарып, жұмыссыздық саны азайған.

2300-ге жуық тұрғыны бар Мәдениет ауылдық округіне аялдаған облыс әкімі осындағы спорт кешенінің жұмысымен танысты. Бұл ғимарат ашылғалы 28 адам тұрақты жұмысқа кірген. 90 бала спорттың үш түрі – дзюдо, бокс, казакша күрестен жаттығады.

Сондай-ақ, облыс әкімі Мақпалкөл ауылдық округіне барып, «Құрманбай ата» шаруа қожалығына тиесілі алма бағын көрді.



– Біз алма сортының бес түрін өсіріп отырмыз. Әрқайсысының жеке-жеке, мысалы, «Гала», «Голден», «Гранни смид», «Фуджи», «Конфетка» деген атаулары бар. 2018 жылы көктемде көрші Түркістан облысынан алдырған 12 мыңнан аса көшетті алты гектар жерге отырғызғанбыз. Былтыр күзден бастап алғашқы өнімін бере бастады. Енді жүзім көшеттерін отырғызуды қолға алдық. Бұған қосымша шағын егін шаруашылығымыз да бар, – дейді қожалық төрағасы Еркін Бекжанов.

Сондай-ақ осы ауылдағы 1987 жылдан бері күрделі жөндеу көрмеген №177 орта мектепке аялдап, құрылыс жұмыстарымен танысқан облыс басшысы білім мекемесін жаңа оқу жылына дейін сапалы етіп бітіруді тапсырды.

Гүлшара Әбдіқалықова Таң ауылында мемлекеттік-жекешелік

әріптестік аясында «Таң ЛТД» ЖШС салған спорт нысаны мен 90 орындық «Таң бөбегі» балабақшасына барды. Жалпы құны 56 млн теңгеге құраған спорттық ғимаратта 11 қызметкер жұмыс істесе, балабақшада 20-дан астам адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Бұдан соң аудан орталығындағы «АгроХолдинг Қызылорда» ЖШС жұмысына назарға алынды. Тәулігіне 100 тонна күріш ақтайтын мекемеде 80 қызметкер бар. Облыс басшысына серіктестіктің негізгі бағытын кәсіпорын директоры Манарбек Еспанов таныстырды.

– Біздің негізгі жұмысымыз – күріш астығын дайындау. Осында қабылданған астықты зауытта тазалап, өңдеп, дайын өнімді ішкі және сыртқы нарыққа, мысалы, өз елімізден бөлек, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан мемлекеттеріне шы-

ғарып келеміз. Кәсіпорын ғимараты барлық қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Басты мақсатымыз да осы – күріш кластерін қалыптастыру. Егінмен айналысатын шаруашылықтардан фьючерстік әдіспен күріш сатып алу үшін алдын ала қаржыландырып, сол арқылы шаруашылықтардың да жағдайын жақсартамыз, – дейді Манарбек Еспанов.

Жалағаш кентінің батыс бөлігінен 22 гектар жер телімі белгіленіп, «Серпін» аграрлы-индустриалды аймағы құрылғанын білеміз. Бұл аймақ инженерлік-инфрақұрылыммен толық жабдықталып, автожол, телефон, ауызу және электр желілері түгелдей жүргізілген еді. Мұндағы 22 гектар жер телімінің бес гектары инженерлік-инфрақұрылым жүйесіне тиесілі болса, 13,8 гектары кәсіпкерлерге табысталған.

2-бет.



Аса Рақымды Ерекше Мейірімді Алланың атымен бастаймын!

Қадірменді жамағат, қымбатты жерлестер!

Баршаңызды келіп жеткен Ораза Айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Айт мүбәрак болсын!

Ораза Айт – Рамазан айының аяқталу құрметіне орай аталып өтілетін мереке. 30 күн ораза ұстаған мұсылман үшін қуанышты сәт.

Жаратушы Иеміз құдси хадисте: «Пенделерім Мен парыз еткен оразаны атқарып, ақысын алуға (айт намазын өтеуге) мешітке бет алды. Олар Мен үшін ораза ұстады, Менің пәрменіммен ауыз ашты, енді қуанышқа кенелсін...» деген.

Алла Тағала мұсылман қауымының ұлық мейрамында баршаңызды рақымына бөлеп, барлық жамандық атаулыдан сақтасын. Қасиетті Рамазан айында жасаған игі амалдарымыз бен құлшылықтарымызды қабыл етіп, мол сауаптардан жазғай!

Рабымыздан әрбір игі істерімізде Жәрдемші болуын және қиындыққа душар болған бауырларымызға көмектесуін сұраймыз. Халқымызды әлем жұртшылығының басына төнген қауіпті індеттен сақтап, дертке шалдыққандарға шипасын бергей!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Әмин!

Ораза Айт мерекесі құтты болсын!

Болатбек АБУОВ,
ҚМДБ-ның Қызылорда облысы бойынша Бас имамы.

СОЯНЫҢ НЕ СЫРЫ БАР?

Өңірде соя өсімдігін егу ауқымы артып келеді. Өйткені, әлемдік нарықта өткізу мүмкіндігі жоғары. Кейбір мемлекеттер оны ет өнімдерінің орнына қолданады екен. Соңғы уақытта суранысы артып кеткен бұл дақылдың қандай ерекшелігі бар? Жалпы, біз соя туралы не білеміз?

Сб Дәулет ҚЫРДАН, «Сыр бойы».

Елде «қытай бұршақ» атымен танымал бұл өсімдіктің сан түрлі пайдасы бар. Мамандардың айтуынша, соя 300-ге жуық өнім түрін өңдеуге қолданылады. Өзіміз күнделікті тұтынып жүрген кондитер, шұжық өнімдерінің де құрамында соя бар. Тамақ өнеркәсібімен қатар, малазықтық дақыл

ретінде де танымал. Соя қалдықтары мал сүтінің майлылығын арттырады. Бордақы бағытындағы төрт түліктің аз уақытта ет жинап, семіруіне сеп болады.

– Облыста ауыл шаруашылығы бағытындағы мемлекеттік бағдарламалардың қатарында соя өсіру де бар.

4-бет.

4-бет.

АЙТУЛЫ ТҮЛҒА РЕТІНДЕ ЕСІМІЗДЕ ҚАЛАДЫ

Халқымыз Жер-Ананы айрықша қастерлеген, табиғаттың ерекше сыйы – судың да қасиетін жоғары бағалаған. Ал судың біздің Сыр өңіріндегі суармалы егіншілік үшін қаншалықты маңызды болғанын, маңызды бола беретінін барлығы да біледі.

Қылышбай БИСЕНОВ, облыстық мәслихат хатшысы.



Осыдан 30-40 жыл бұрын облысымызда инженерлік жүйеге түсірілген 220 мың гектар егістік алқабы болды. Осыншама жерден ел өзінің ырзық-несібесін айырды. Облыстың мыңдаған дикандары табыс тасқынын молайтты. Елдің мерейін көтерді. Көптеген азамат мемлекеттің ордендерімен және медальдарымен марапатталды. Бірқатары ең ірі марапат – Социалистік Еңбек Ері атағын иемденді.

Сырдың еңбек абыройын көтеруде суармалы егіншіліктің атқарған рөлі ерекше еді. Ал осынау су құрылыстарын сапалық жаңа деңгейге көтеруде аймақ қана емес, республика өкіріне белгілі азамат Виктор Степанович Морозовтың есімі ерекше аталады. Ол кісінің еңбегі бүгінгі таңда Сырдарияның төменгі ағысындағы егіс алқаптарын суландырумен, атап айтқанда, Қазалы су құры-

лысы нысанымен, «Әйтеке» каналымен, Қазалы оң және сол жағалауындағы, Келінтөбе, Жаңашиелі, Сунақата, Қандыарал, Сұлу-төбе, Жетікөл, басқа да магистральді су шаруашылығы каналдарымен тығыз байланысты.

Виктор Степанович Сыр өңірінде 50 жылға жуық еңбек етті. Ол ең алдымен бүкіл күш-жігерін біздің алтын қорымыз болып табылатын суармалы жерлерді пайдаланудың тиімділігін барынша арттыруға жұмсады. Кеңес жүйесінің соңғы жылдарында су жолдарын жөндеу, кейін қалпына келтіру біршама күрделеніп түсті. Осыған қарамастан, ол өзін-өзі ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында салаға барлық күшті жұмылдыра білді. Нәтижесінде Сыр өңірінде суды тиімді пайдаланудың мүмкіндігі артты.

7-бет.

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАРДЫҢ ДЕПОЗИТ САЛЫМЫ – 141 МЛРД ТЕҢГЕ

Бұл біздің тұрмыс деңгейімізге өлшем бола ма?

Айтатыны жоқ, қарама-қайшылығы мен сипаты жағынан күрделі кезеңді бастан кешіп жатқан жағдайымыз бар. Кешегі наурыз айында елімізде жарияланған карантин режимінен енді ғана жұмыс орнымызға шығып, көңіліміз бір жайланған сыңайлы.

Сб Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ, «Сыр бойы».

Жасыратыны жоқ, бүкіл әлемдегі сияқты біздің елімізде де бұл сынақ оңай соқпады. Қиындықтың аты қиындық. Бірақ осы жағдайдың бояуын

тым қоюлатып жібергендер де аразымызда аз кездескен жоқ. Олардың көпшілігін әлеуметтік желілердегі жарияланымдардан байқауға болар еді.

4-бет.



БІР КҮНДЕ 7 ЖАҒДАЙ ТІРКЕЛДІ

Жұма күні аймақта коронавирус инфекциясын жұқтырғандар саны 279-ға жетті. Ал сауығып шыққандар саны – 221. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық Әбдусаметов хабарлады.

– Жаңадан 7 дерек тіркелді. Оның төртеуі коронавирус инфекциясын жұқтырғандармен байланыста болған. Ал үшеуі көпбейінді қалалық аурухананың филтр кабинетінен анықталды. Қазіргі таңда науқастардың жағдайы бірқалыпты, емдерін алуға, – деді ол.

Сондай-ақ, індет жұқтырғандармен байланыста болған 3695 азамат анықталды. Оның ішінде, 2051-і жақын қарым-қатынаста, 1644-і жанама байланыста болған.

«СБ» ақпарат.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДАҒЫ АХУАЛ СОҢҒЫ МӘЛІМЕТТЕР

CALL-CENTER
400-100

РАСТАЛҒАН
ЖАҒДАЙ – 279

Қызылорда қаласы – 128

Арал ауданы – 8

Қазалы ауданы – 7

Қармақшы ауданы – 7

Сырдария ауданы – 26

Жалағаш ауданы – 0

Шиелі ауданы – 68

Жаңақорған ауданы – 35

ЖАЗЫЛЫП
ШЫҚҚАНДАР – 221

Қызылорда қаласы – 82

Арал ауданы – 6

Қазалы – 3

Қармақшы ауданы – 5

Сырдария ауданы – 26

Шиелі ауданы – 66

Жаңақорған ауданы – 31



www.facebook.com/syrboyi.kz/



https://twitter.com/syrboyi



www.instagram.com/syrboyikz



ЖАЛАҒАШ: ТЫҢ ЖОБАЛАР ТИІМДІЛІК ӘКЕЛУІ КЕРЕК



Сапар барысында облыс әкімі аймақта орналасқан «Өркен Әлем» ЖШС арнайы киім тігу цехының жұмысымен танысты. Жалпы құны 38 миллион теңгеден астам қаржыны құрайтын цехтың ашылғанына үш жылдай уақыт өтті. 45 адамды жұмыспен тұрақты қамтыған кәсіпорынның өнімі Қазақстанның түкпір-түкпіріне тарайды.

– Біздің басты орталығымыз Алматы қаласында орналасқан. Мұнда 2017 жылдан бастап жұмыс жасаймыз. Цехта әскерлерге арналған оқтан қорғайтын кеудеше, саперлар киетін шлем мен снаряд жарықшағынан қорғайтын киімдер тігіміз. Басты бағытымыз да – осы. Арнайы киімдер Қорғаныс министрілігіне қарасты әскери бөлімдердің тапсырысы бойынша жасалады. Барлық қызметкерлер жергілікті аудан тұрғындары. Әлемде пандемия басталғалы цех тігіншілері 20 мың медициналық маска тігіп, аудан тұрғындарына тегін таратылды. Алдағы уақытта жұмыс ауқымын кеңейтетін үлкен жоспарлар бар, – дейді цех филиалының директоры Жасықсыл Өзденбаев.

Жалағаштық ағайынның көптен күткені орталық аурухананың құрылысы еді. Жылдар бойы қозғалып келген айтулы істің басталғанына да бір жыл уақыт болды. Бүгінде толықтай іргетасы мен кірпіштері қаланып, төбесі жабыла бастаған үлкен аурухананың жалпы құны 4 миллиардтан асады. Келер жылы пайдалануға берілетін нысанның құрылысын жүргізуді «Абу-Сер» ЖШС қолға алған. Облыс әкімі бұдан бөлек, ескі емхана ғимаратын балабақша етіп қайта жаңғырту жобасын да барып көрді.

– Осы құрылысы жүріп жатқан, аумағы 3,6 гектар жерге орналасқан аурухана типтік жобада, 100 орынды, үш қабаттан тұрады. Терапия, хирургия, реанимация, босану-гинекология, балалар бөлімі, асхана және екі операциялық бөлімдер тиісті блокта орналасатын болады, – дейді облыстың құрылыс, сәулет және қала

1-бет.



Суреттерді түсірген Бағдат Есжанов.

құрылысы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Арнұр Нұрмағамбетов. Түстен кейін ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы мәжіліс өтті. Мәжіліске төрағалық еткен облыс әкімі алдымен аудан жетістігіне тоқталып, бірқатар жұмыстардың да кенжелеп қалғанын айтты.

– Облыс әкімі ретінде сіздермен алғашқы кездесуім. Өткен аптада Арал, Қазалы, Қармақшы аудандарын аралап, тұрғындармен, әртүрлі әлеуметтік топ өкілдерімен кездестім. Аудандардағы бірқатар маңызды нысандарды аралап, халықтың жай-күйімен танысып келемін. Өздеріңіз білетіндей, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес елімізде дағдарысқа қарсы кешенді шаралар қабылдануда. Сондықтан экономиканың маңызды салаларында бағдарламалар жүзеге асырылмақ. Сол себепті, бүгін сіздермен бірге Президент тапсырмасының қаншалықты орындалып жатқанын, болашақта атқаруға тиісті мақсат-міндеттерді, ауданды әлеуметтік-экономикалық дамыту жоспарын қарастырамыз, – деді облыс басшысы.

Аудан әкімі Асылбек Шәменов баяндама жасап, салалар бойынша ақпар берді. Сондай-ақ жиында кәсіпкерлік санын арттыру, аудан бойынша Индустриаландыру бағдарламасының ІІІ бесжылдық картасында бірде-бір жобаның болмауы, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясындағы жұмыстар, кейбір ауру түрлерінен көрсеткіштің артуы, күрштен басқа өнім шығаруға басымдық беру, жайылымдық жерлерді пайдалану, кенттегі көпқабатты тұрғын үйлерге күрделі жөндеу жүргізу сияқты келесі мәселелер де қалыс қалмады.

Газетіміздің өткен санында айтқанымыздай, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қазіргі жағдайды ескеріп, экономиканы оңалту мақсатында бюджеттен «Жұмыспен қамту жол картасы» шеңберінде қомақты қаражат бөліп,

оның ішінде біздің облысқа 37 млрд теңге қаралғаны белгілі. Осы қаржының 1,7 миллиард теңгеге жуығы Жалағаш ауданына бөлінетін болады.

– Бұл қаржы жаңа жұмыс орындарын ашу, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, абаттандыру, инженерлік-көліктік инфрақұрылымды дамыту сияқты жобаларға бағытталады. Осыны тиімді игеру қажет, – деді облыс әкімі.

Айтпақшы, аудандағы индустриялық аймақта құны 678 млн теңгені құрайтын 19 жобаны іске асыру көзделген. Оның ішінде жалпы құны 297 млн теңге болатын 8 жоба іске қосылып отыр. Мәжілісте жұмыссыздықтың алдын алуда осындай жобаларға басымдық беру керектігін айтқан облыс әкімі индустриялық аймақтың тиімділігін арттырудың маңызы зор екенін ерекше атап өтті. Жалағашта инвестиция тартуға жаңа жобалар керектігі, сонымен қатар, биылғы жылдың ІІ жартыжылдығында жалпы құны 26 млн теңгені құрайтын екі жобаны («Баба» қожалығының «Асылтұқымды ешкілерді көбейту, етін өндіру және сүтін өңдеу» және жеке кәсіпкер Ж.Кәрібоздың 3 жылыжай кешені) іске қосуға нақты тапсырма берді.

Мұнан соң облыс басшысы құрылысы бітуге таяған жаңа әкімшілік ғимараты мен орталық алаңда жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарын көрді. Аталған нысандардың құрылысы биыл аяқталуы тиіс.

Жалағашта құны 19 млрд теңгеден асатын күн сәулесінен электр қуатын өндіруге бағытталған электр станциясы бар. Биыл құрылысы толықтай аяқталған 30 МВт күн-электр станциясын былтыр «Nomad Solar» ЖШС қолға алған болатын. 75 гектар аумақты алып жатқан жаңа нысанда 20 адам тұрақты жұмыс істеп келеді. Облыс басшысы осы нысанда да болды.

Айта кетейік, облыс әкімінің сапары бүгін Сырдария ауданында жалғасады.

Қызылорда-Жалағаш-Қызылорда.

«АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫНЫҢ ӨНІРЛІК ТҰРАҚТАНДЫРУ ҚОРЫНА САТЫП АЛЫНАТЫН АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІН ЖӘНЕ ШЕКТІ САУДА ҮСТЕМЕСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2019 ЖЫЛҒЫ 3 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ №108 ҚАУЛЫСЫНЫҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ ДЕП ТАНУ ТУРАЛЫ

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Азық-түлік тауарларының өнiрлiк тұрақтандыру қорына сатып алынатын азық-түлiк тауарларының тізбесін және шектi сауда үстемесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкiмдiгiнiң 2019 жылғы 3 желтоқсандағы №108 қаулысының (нормативтік-құқықтық актілердi мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6998 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 5 желтоқсанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Г.ӘБДІҚАЛЫҚОВА.

ТАҒАЙЫНДАУ

ОБЛЫСТЫҚ ЖҰМЫЛДЫРУ ДАЙЫНДЫҒЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ

Қызылорда облысы әкімінің өкімімен Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы қызметіне Усаин Медет тағайындалды.

Усаин Медет 1987 жылы туған. Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетін «Көлік, көлік техникасы және техноло-гиясы», Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік уни-верситетін «Қаржы» маман-дықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқар-масының бас маманы ретінде бастаған. 2012-2013 жылдары – облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының бас маманы, 2013-2016 жылдары – облыстық энергетика және



тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының бөлім басшысы, басқарма басшысының орынбасары. 2016 жылдың желтоқсан айынан бастап осы кезге дейін облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы қызметін атқарып келді.



ТЕСТ ЖҮЙЕСІНДЕ АУЫТҚУЛАР ОРЫН АЛҒАН ЖОҚ

Қоғамда түрлі пікір бар. Алайда, нақты жағдайға жүгінудің артықшылығын екінің бірі біледі. Ұлттық сараптама орталығы Қызылорда облысы бойынша филиалының вирусология зерт-ханасы коронавирус індетін анықтауда ауқымды жұмыстар атқаруда. Биылғы наурыз айынан бастап «COVID-19» вирусына күдіктілер, қарым-қатынаста бол-ғандар, ЖРВИ, пневмониямен ауыратындар, жоспарлы түрде ауруханаға жатқызылатындар, індет жұқтыру қаупі бар медицина қызметкерлері мемлекеттік тап-сырыс негізінде ПТР әдісімен зертханалық зерттеулер жүргізуде.

Нақтылап айту керек, корона-вирус жұқпасын анықтауға қажетті барлық зерттеулер басқа қаладағы зертханаларға жіберілмейді. Бізде, яғни, Ұлттық сараптама орталы-ғы облыстық филиалының виру-сологиялық зертханасы базасында жүргізіледі. Облыс бойынша бү-гінгі күнге 272 жағдай нақты-ланып, эпидемиологиялық шара-лар жүргізілді. Эпидмаусым басталғалы облыс көлемінде коро-навирүс жұқпасын анықтауда 22900 зертханалық зерттеу жаса-лды.

Зертхана 3 299 зерттеуге жет-кілікті 66 тест жүйесімен қам-тамасыз етілген. Эпидмаусым басталғалы зерттеулер қытайлық BGI компаниясының ПТР әдісі-мен тестілеуге арналған тест жүйесімен жүргізілуде. Зерттеу барысында аталған тест жүйесін қолдануда ешқандай ауытқулар орын алған жоқ. ПТР әдісімен тестілеу нәтижесі 99,9%-ті құрайды.

Әлемде пандемия сипатын алған коронавирус індетінің таралуын тоқтату мен аурудың алдын алу үшін тиімді, нәтижелі жұмыстар жүргізу мақсатында білікті мамандардан құрылған 3 бригада тәулік бойы қызмет атқаруда. Күніне 500-600 анализ қорытындысын, есебін уақытылы дайындау үшін филиалда call-center ұйымдастырылды. Call-center жұмысына филиалдың барлық ұжымы жұмылдырылды.

Нақтыланған жағдайлар, қарым-қатынаста болғандар, күдікті ауру ошақтарында залал-сыздандыру жұмыстары жүр-гізілді. Оны облыс көлемінде тиімді іске асыру мақсатында 14 дезинфекциялық бригада құрылды. Оның төртеуі қала бойынша, қалғаны аудандарда. Әр бригадада 3-4 маманнан қамтылған. Олар жедел хабар алған сәттен бекі-тілген алгоритмге сәйкес 15 минут ішінде ауру ошағына за-лалсыздандыру жұмыстарын жүр-гізуге жетеді. Ауру ошағында залалсыздандыру жұмысы дезин-фекциялық препараттың нұс-қаулығына сәйкес 30-60 минут аралығында жасалады. Науқастың жеке заттары, ол жанасқан заттар дезинфекциялық препаратпен, төсек орны камералық залал-сыздандырудан өткізіледі. Залал-сыздандыру себу, батыру, сүрту, шашу әдістерімен жасалады. Коронавирус жұқпасынан басқа туберкулез, тері аурулары ошақтары, сонымен қатар, аса қауіпті жұқпалы Қырым қанды геморрагиялық қызбасы, жедел ішек аурулары ошағына

қорытынды дезинфекция жасалуда. Ауру ошағындағы қорытынды залалсыздандыру жұмысы науқас оқшауланғаннан кейін және ста-ционарға жатқызылғаннан кейін немесе қайтыс болған жағдайда жасалады.

Жоғарыда аталған қызмет-терден басқа, филиалда бактерио-логиялық, паразитологиялық, санитарлық-химиялық, радио-логиялық, жоғары технологиялық зерттеулерді және инструменталды өлшемдерді ГОСТ ISO/IEC 17043-2013 «Сәйкестікті бағалау. Біліктілікті тексеруге қойылатын негізгі талаптар», ГОСТ ИСО/ХЭК 17025-2009 «Сынақ және калибрлеу зертханаларының құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптар», СТ РК ISO 15189-2015 «Медициналық зертханалар. Құзыреттілікке қойылатын та-лаптар» халықаралық стандарт-тарға сай аккредиттелген, Сапа менеджменті жүйесі бойынша сәйкестік сертификаты бар зерт-ханалар қызмет көрсетуде.

Жүйелі түрде аккредитация аумағын кеңейту жұмыстары жүргізіледі. Облыстық және барлық аудандық бөлімшелер зертханалары халықаралық стандарт талаптарына сәйкес ак-кредитациядан өткен.

Материалдық-техникалық базаны нығайту, автопаркті жаңа арнайы автокөліктермен толық-тыру, сонымен қатар мамандар біліктілігін арттыру бағытында тиісті жұмыстар атқарылып келеді. Жалпы, мамандарымыздың еліміздегі ғылыми орталықтарда, алыс-жақын шетелдерде білі-мін жетілдіру, мемлекеттік тап-сырысты, аймақтық номен-клатураны, Кедендік одақтың Техникалық регламенттер талап-тарын орындау басты назарда. Ал қазіргі басты міндет – дүние жүзін жайлаған қауіпті індетті ел болып жұмыла жеңу. Осы бағыттағы қызметіміз жалғаса бермек.

Фарида ҚАЛИЕВА,
ҚР ДСМ ТҚҚҚСБҚ Ұлттық сараптама орталығының Қызылорда облысы бойынша филиал директоры.

№13 ҚАУЛЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ҚАЛАЙ?

Өңірде бас санитариялық дәрігердің шешімімен №13 қаулы қабылданып, 18 мамырдан бастап карантиндік шектеулерге өзгертулер мен толықтырулар енгізілгені белгілі. Ол бойынша бірқатар нысандар мен мекемелер жұмысқа қосылды. Бірақ қызмет барысында санитарлық-дезинфекциялық шаралары қатаң сақталып, шектеулі жұмыс уақытымен ғана рұқсат етілді.

Сb Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы».

Атап айтқанда, бүгінде балабақша-лардың кезекші топтары, мәдениет және спорт нысандарының жұмысы, онда да жұмысшылар мен спортшыларды қосқанда 50 адамнан аспауы тиіс, халыққа қызмет көрсету орталығы, оның жұмысы 10.00-ден 17.00-ге дейін, ломбардтар, көлемі 500 шаршы метрден асатын азық-түлік емес нысандар мен базарлар. Олардың жұмысы да 10.00-ден 17.00-ге дейін. Сонымен бірге 10.00-ден 20.00-ге дейінгі уақытқа қоғамдық тамақтану орындары мен жазғы алаңдары бар тамақтану нысандары іске қосылды. Оларда да келушілер саны бір мезетте 30 адамнан аспауы тиіс. Сондай-ақ, қонақ үйлер, туристік фирмалар, авиа, темір жол қассалары, темір жол вокзалы шаруашылығы, вагон жөндейтін, техни-калық қызмет көрсететін бөлімшелер мен мердігерлік ұйымдар, ғимарат көлемінің 30 процентін ғана толтыра отырып, санитарлық талаптарды сақтау шартымен діни құлшылық жасау нысандары және тағы басқалар жұмыстарын бастады.

Бұл орайда қалалық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің мәліметтеріне сүйенсек, осы күні облыс орталығында 605 қоғамдық тамақтану нысаны, 81 жазғы алаңы бар қоғамдық тамақтану нысаны, көлемі 500 шаршы метрден асатын бөлек тұрған азық-түлік емес тауарлар сататын 93 нысан мен базар, 2365 қалаішілік такси қызметі, 46 қонақ үй, 22 туристік фирма, авиа және темір жол қассалары, 17 стандарттау және сертификаттау қызметі мен 41 қаржылық қызметтер және сактандыру саласындағы қосалқы қызметтер, 62 ломбард, барлығы 3332 нысан жұмыстарына қосылған.

Облыс бойынша халыққа қызмет көрсету орталықтары да жұмысын қайта жандандырып, жаңа форматта қызмет көрсете бастады. Атап айт-қанда, азаматтар орталықтан тек «қағаз

жүзіндегі» және онлайн түрде рәсім-делген қызметтердің нәтижелерін ала алады. Бұл ретте қызметтерді тек алдын ала жасалған броньдау арқылы алуға болады. Орталыққа кезек уақытын egov.kz порталы мен Telegram-Bot қосымшасы арқылы немесе 1414 нөміріне қоңырау шалу арқылы белгілеуге болады. Осы орайда «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ облыстық филиалының директоры Айдын Қайруллаев алғашқы жұмыс күні ХҚО-ларда 2359 мемлекеттік қызмет көрсетілгенін, олардың 50 проценттен астамы алдын ала броньдау арқылы кам-тамасыз етілгенін айтты.

Жоғарыда айттып өткеніміздей, аймақтағы мешіттер де арнайы санит-арлық талаптарды сақтай отырып жұмысын бастады. Мешітте жеке құл-шылық жасауға, Құран оқытуға және неке кидыруға рұқсат етілген.

– Карантин ережелерін сақтай отырып, мешітте жекелеген түрде намаз оқуға рұқсат етілді. Жамағатпен намаздар оқылмайды. Сондай-ақ, мұнда 15 минуттан артық болуға болмайды. Әр үш сағат сайын залдар залалсыздандырылып отыр. Ал Құран оқыту бөлмесінде 10 адамнан артық кіргізілмейді. Кіріп-шығу есіктері бөлек. Тағы ескере кететіні, неке кидыруға келуші мұсылмандармен тек қуагерлер ғана болуы шарт. Мешітке келушілер міндетті түрде бетперде тағуы қажет. Антисептик құралдарын пайдаланып, 1,5 метр арақашықтықты сақтау міндеттеледі. Сактық ережелеріне байланысты қол алып амандасу құпталмайды, – деді ҚМДБ-ның облыс бойынша бас имамы Болатбек Абуов.

Осы орайда айта кету керек, №13 қаулыда нақтыланғандай, бесінші кезең бойынша қалған нысандар мен мекемелер жұмысы 25 мамырдан бастап іске қосылатын болады.

ЕРЕКШЕ ОҚУТОҚСАНЫН ЕҢСЕРДІК

XXI ғасыр талабына сай қоғамда өзіндік салмағы бар білім саласында жаңашыл бағыттар айқындалып, жолға қойылған. Алайда төтенше жағдайға байланысты оқу процесі дәстүрлі ырғағынан бөлек, қашықтан оқытылды. Онлайн оқыту тәжірибесі қаншалықты тиімді болды? Оқу жылын қорытындылауда қандай өзгерістер енгізілген? Осы сауалдарға орай облыстық білім басқармасы басшысы міндетін уақытша атқарушы Ақзира Қасымовамен сұхбаттасқан едік.

– Ақзира Бақтыбайқызы, елімізде қабылданған карантин ережелеріне байланысты төртінші тоқсан қашықтан оқыту форматында басталды. Осы орайда облыс аумағында қашықтан оқыту жұмысы қай деңгейде жүзеге асырылып отыр?

– Иә, әлемдік пандемия біздің елімізде де тосын шешімдер қабылдауды қажет етті. Сол себептен соңғы оқу тоқсанын бұрынғыдан мүлде басқа тәсілмен бастауға тура келді. Яғни, облыстағы 293 мектептегі 161 779 оқушы осы жылдың 6 сәуірінен бастап қашықтан оқыту форматына көшірілді.

Білім басқармасы оқушылардың электронды құрылғыларымен және интернет, мобильді интернет байланысымен қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізді. Осылайша электронды құрылғылар жетіспейтін отбасыларына мектеп балансындағы компьютерлер уақытша пайдаланылуға берілді. Нақтырақ айтсақ, 6 443 отбасының 12 009 баласы компьютерлермен және планшеттермен қамтамасыз етілді.

Өзіңізге белгілі, бүгінде балалар «Елариа», «Балапан» телеарналары арқылы телевизиялық сабақтарды көріп,

сол бойынша берілген тапсырмаларды орындайды. Нақтырақ айтсақ, облыс бойынша телесабақты 90 525 оқушы көріп отыр. Сонымен қатар, бастауыш сыныптардың танертеңгі уақыт айырмасын ескеріп, жергілікті «Қызылорда», «Қоғам ТВ» телеарналары арқылы олардың сабақтары қайталанып беріледі.

Тағы бір жолы – қолжетімді интернет платформалар арқылы оқыту. Айталық, 71 254 оқушы Kundelik.kz, BilimLand, Daryn.online платформалары негізінде оқу мүмкіндігін пайдаланып отыр. Бұл ретте кері байланыс тетіктері электронды почта, электронды күнделік, WhatsApp мессенджері, ұялы және стационарлық телефон арқылы жүргізілуде. Ал, электронды күнделікті қолдануға мүмкіндік болмаған жағдайда ұстаздарға қағаз журнал пайдалануға рұқсат етілген.

Әрине, қашықтан оқытудың алғашқы кезеңі оқушылар, ата-аналар, тіпті мұғалімдер үшін де біршама қиындық тудырғаны рас. Өйткені бұл – педагогтар үшін жаңа тәжірибе. Сонда да ұстаздар қауымы уақытша қиындықтарды көп ұзамай-ақ еңсеріп, емін-еркін жұмыс жасауды игеріп алды. «Көш жүре түзеледі» дегендей,

қазір оқушылар мен мұғалімдер қашықтан оқытудың технологияларын меңгеріп, жұмыс бір арнаға түсті. Біз соны аңғарып отырмыз.

– Қашықтан оқытуда қиындық тудырып отырған мәселелер бар ма? Мысалы, кейбір шалғай елді мекендерде байланыс сапасы төмен. Бұл мәселе қалай шешімін тауып жатыр?

– Әрине, біз қашықтан оқыту форматы басталмас бұрын облыс бойынша әрбір білім беру ұйымдарының мәселесіне мониторинг жасадық. Бұл орайда аса өзекті проблемалар анықталған жоқ. Рас, облыста интернеті және ұялы байланысы жоқ 25 шаңғай елді мекен бар. Десек те, олар «Отан ТВ»-ға қосылған. Сондықтан аталған елді мекендердегі 2 646 оқушы «Балапан» арнасындағы телесабақтар арқылы қашықтан оқытуды қамтылды. Ал жоғарыдағы елді мекендерді интернет байланысымен қамту бағытында жұмыстар қолға алынып жатыр.

– Оқу жылы аяқталуға таяу. Биыл қанша оқушы мектеп бітіреді? Олардың қатарында «Алтын белгі», «Үздік аттестат» үміткерлері қанша? Жалпы қалыптасқан жағдайға байланысты біті-



руші түлектерге қандай жеңілдіктер қарастырылған?

– Биылғы оқу жылы ерекше жағдайда аяқталады деп отырмыз. Айталық, 2019 – 2020 оқу жылында облыстағы 261 мектепте 6 060 оқушы 11-сыныпты бітіреді. Олардың 572-сі «Алтын белгіге», 288-і «Үздік аттестатқа» үміткер. Өздеріңізге белгілі, Білім және ғылым министрлігінің бұйрығына сәйкес мектеп бітірушілер үшін мемлекеттік емтихандар өткізілмейді. Аттестатқа жылдық қорытынды бағасы қойылады.

– Жылдағы дәстүр бойынша мектеп бітіруші түлектер қоштасу кештерін өткізе алады ма? Оған байланысты қандай талаптар қойылып отыр?

– Оқу жылы 25 мамырда аяқталады. 3-4 маусым күндері 11-сыныпты бітірушілер үшін «Аттестат тапсыру» және «Соңғы қоңырау» шаралары біріктіріліп, салтанатты жиындар өткізіледі. Шара өту барысында

санитарлық сақтық шаралары қатаң сақталатын болады. Мерекелік жиын мектептің сыртқы ауласында өткізіледі. Оған бір сынып оқушылары және ата-анасының біреуі қатысады. Сырттан қонақтар шақырылмайды. Егер мектепте 2-3 сынып болатын болса, кезекпен өткізіледі.

Салтанатты жиынға бітіруші түлектер мектеп формасымен қатысады және барынша қарапайым түрде өтеді деп жоспарланып отыр. Шаралар танертеңгі уақытта 45 минуттан аспайтын тәртіппен ұйымдастырылады. Ал 1-10 сынып аралығындағы оқушылар үшін «Соңғы қоңырау» салтанаты онлайн режимінде өтеді.

Осы сұхбатты пайдалана отырып айтарым, үйлерде, ресторандарда мектеп бітіру кештерін өткізуге және бітірушілердің автокөліктермен қортеже шығуына қатаң тыйым салынады. Сол сияқты, оқу жылын аяқтау шараларын ұйымдастыруға, мектептерге сыйлық алуға оқушылар мен

ата-аналардан, педагогтардан ақша жинауға жол берілмейді.

Айта кетейік, жасалып жатқан шектеу шараларының барлығы – бітірушілердің денсаулығын қамтамасыз етуге бағытталған. Осыған орай, ата-аналар түсіністікпен қабылдайды деп ойлаймын.

– ҰБТ-ға байланысты өзгерістер бар ма? Бітіруші түлектер үшін тестілеу сынағы қай уақытта өтеді?

– Ұлттық бірыңғай тестілеу 20 маусым-5 шілде аралығында, жылдағыдай 9 тестілеу пунктінде өткізіледі деп жоспарлануда. Бүгінде ҰБТ-ға қатысуға 5161 бітіруші өтініш берді. Бір қуанарлығы, биыл ҰБТ-ға қатысуға өтініш бергендер саны артып отыр. Айталық, өткен оқу жылында ҰБТ-ға бітіруші түлектердің 72 проценті өтініш берсе, биыл 85 проценті өтініш берген. Жалпы ҰБТ өткізудің форматы өзгеріссіз. Бұрынғыдай талапкерлер 5 пән бойынша 120 сұрақтан тұратын тест тапсырып, ең жоғары 140 балл жинауға мүмкіндігі бар.

Айта кетейік, негізгі өзгерістің бірі – педагогика мамандығы бойынша шекті балл 70 балға көтерілді. Сондай-ақ, мемлекеттік гранттар оқыту тіліне қарамастан тағайындалады. Баса айта кеткім келеді, ҰБТ-дағы бақылау күшейтілді. Тестке қатысушылардан металлденгіштен өту барысында тыйым салынған заттар – смартфондар, қарапайым телефондар, гаджеттер, қағаз жазбалар табылса, тестілеуге жіберілмейді.

ҰБТ-ны өткізу барысын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігінің арнайы мониторингтік тобы мен қоғам бақылауы жүргізеді. Сонымен бірге, «Digital Agent» қосымшасы арқылы ата-аналар online көре алады. Ал ҰБТ сертификатты мен мемлекеттік грантты иелену куәлігі электронды форматта беріледі.

Әңгімелескен
Ғазиза ӘБІЛДЫ,
«Сыр бойы».

Бағдарламадағы өзгерістер таныстырылды

«Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ президенті Айнұр Кәрібозова «Болашақ» бағдарламасының іске асырылуындағы өзгерістер» тақырыбында онлайн-брифинг өткізді. Оған Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректоры Бейбіткүл Кәрімова, студенттер мен профессор-оқытушылар қатысты.

Бейнеконференция барысында «Болашақ» халықаралық стипендиясына үміткерлерді іріктеу ережелеріне енгізілген түзетулердің негізгі тармақтары түсіндірілді. Жаңа ереже үміткерлерді іріктеуде бірдей мүмкіндіктер ұсынады. Барлық квоталық сапаттар алынып тасталды. Осы жылдан бастап «Болашақ» стипендиясының конкурсына ауылдық елді мекендерден келген үміткерлерді қоспағанда, жетекші шетелдік жоғары оқу орындарынан шартсыз шақыртуға ие талапкерлер ғана қатыса алады.

Өзгерістер, ең алдымен, «Болашақ» стипендиясына үміткерлерді конкурстық іріктеу процесіне, сондай-ақ конкурса қатысудың бастапқы талаптарына қатысты. Конкурстық кезеңдер саны 6-дан 3-ке дейін қысқартылды, атап айтқанда, уәждемелік пен ұсыныс хаттарды бағалаудың іріктеу кезеңдері, сонымен қатар мемлекеттік және шет тілдерін білуге арналған кезеңдер алынып тасталды. Үміткерлер өздігінен тест тапсырып, құжат өткізген кезде мемлекеттік тілді білу туралы сертификатын, ауылдық жерлерден келген үміткерлер қосымша шет тілін білу туралы сертификаттарын ұсынады. Мемлекеттік тілді білу деңгейін анықтауға арналған сынақ Ұлттық тестілеу орталығының аймақтық филиалдарында өткізіледі.

Іріктеу кезеңдері мыналарды қамтиды:

1-кезең: Интеллектуалды қабілет деңгейін, жеке және іскерлік қабілеттерін, шетелде оқуға психологиялық дайындығын анықтайтын кешенді тест;

2-кезең: Тәуелсіз сарапшылар комиссиясының мүшелерімен жеке сұхбат;

3-кезең: Шетелде кадрларды даярлау жөніндегі республикалық комиссияның отырысы. Айта кетерлігі, жаңа ережеде алдын ала тілдік оқыту алынып тасталды.

Ол тек ауылдық жерлерден келген талапкерлер үшін сақталады және 6 ай мерзім ішінде ағылшын тілін үйрену Қазақстан Республикасының аумағында өткізіледі.

«Болашақ» стипендиясына үміткерлерді іріктеудің жаңа ережелеріне сәйкес, ауылдық елді мекендерден қатысатын үміткерлер тек соңғы 3 жыл ішінде ауылдық жерлерде тұрып және оның 2 жылғы жұмыс істеуге арнаған жағдайда ғана конкурса қатыса алады. Басымдық берілген мамандықтар тізбесі еңбек нарығы қажеттіліктерінің орта мерзімді болжамын ескере отырып, ҚР Білім және ғылым министрлігі арқылы жасалады.

2020 жылға арналған «Болашақ» стипендиясын тағайындау конкурсының жеңімпаздарына ұсынылатын жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының, шетелдік ұйымдардың және тілдік курстар тізімінің жобасы қазір келісілу үстінде. «Болашақ» стипендиясына құжаттарды қабылдау және стипендия тағайындау конкурсын өткізу мерзімі құжаттарды қабылдау уақытынан 10 (он) күнтізбелік күн бұрын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Қатысушылар басым мамандықтар тізімі, үміткерлерді конкурстық іріктеу рәсімі, конкурса қатысу шарттары және ғылыми тағылымдамалар туралы сұрақтар қойды. ХҚБ басшысы барлық сауалдарға толыққанды жауап берді.

«Болашақ» бағдарламасы аясында Қызылорда облысынан барлығы 101 түлек дайындалды. Қазіргі таңда аймақтан 10 студент шетелде білім алуға, 28 түлек аймақ игілігі үшін жұмыс істейді, оның ішінде 19 түлек Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде.

«Болашақ» бағдарламаны жүзеге асырудың барлық кезеңінде 13 870 стипендия тағайындалды, оның ішінде түрлі салаларда 10 747 маман оқытылды.

Биылғы оқу жылының IV тоқсанында барлық білім беру ұйымдары қашықтан оқытуға көшті. Мектебіміз өз жоспарына сәйкес оқу-әдістемелік, ғылыми-ізденіс, қоғамдық-тәрбие бағыттары бойынша жұмыстарын атқарып келеді. Әлеуметтік серіктес мекемелермен және Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университеттің «Қазақстан тарихы және әлеуметтік саяси ғылымдар», «Педагогика және психология» кафедраларымен бірлесіп жұмыс жасауын тоқтатқан жоқ.



Мұғалімдер туындаған қиындыққа қарамастан цифрлық білім беру ресурстары, электрондық оқулықтарды, электрондық журналдарды тиімді пайдаланып, аталған жағдайларға тез бейімделді. Оқу-әдістемелік құжаттарды негізге ала отырып, білім беру платформаларының алгоритмін тиімді пайдаланды. Видеосабақтар дайындап, оны әлеуметтік желілерге жүктеп отырды. Бұл мұғалімдеріміздің әдістемелік құзыреттілігін, шебер сабақ үлгісін, екінші жағынан оқушылармен кері байланыс жасаудың тиімді жолдарын көрсетті. Төтенше жағдай кезеңінде де мектеп бітірушілерді алаңдатып отырған сынақтар – мемлекеттік қорытынды аттестаттау мен Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық күн тәртібінен түскен емес.

Қашықтан оқытуға қарамастан, жыл басында жасалған жоспарлы дайындық жұмыстары жалғасын тапты. Ұстаздар ҰБТ-ға дайындаудың түрлі оңтайлы тәсілдерін іздестіріп, қиындықтан шығудың жолдарын қарастырды. Соның нәтижесінде қашықтан оқытудың онлайн, офлайн түрлерін пайдаланып, ҰБТ-ға дайындық жұмыстарын әр оқушыға жеке-жеке дайындық кестесімен жүргізуде. Әр пән мұғалімі өзіне оңтайлы әдіс-тәсілдерді пайдаланды.

Ұстаздар оқушыларға білім беріп қана қоймай, оларға психологиялық қолдау да жасауда. 9,11 сынып оқушыларының алдында тұрған басты мәселе – болашақ маман-

дығын таңдау. Үздіксіз кәсіби бағдар жұмыстары бойынша бейінділікке байланысты онлайн, офлайн негізінде сауалнамалар, бейнеконференциялар жүргізіліп, TIMS, ZOOM платформасымен вебинарлар өткізілді. Айта кететін болсақ, 11-сынып түлектері, ата-аналарымен бірге ZOOM платформасында Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ұйымдастыруымен өткізілген бейнеконференцияларға, колледждер ұйымдастырған вебинарлар мен сауалнамаларға қатысты. Мағлұматтар әлеуметтік желілер арқылы түлектер мен ата-аналарға таратылып, ата-аналардың сұрақтарына жауап беріп, үздіксіз байланыс жүргізілуде.

Облыстық оқу орталығының (әдістемелік кабинет) ұйымдастыруымен М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі, медициналық жоғары колледжі, И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжі мектеп бітіруші түлектерге колледж базасындағы мамандықтарды таныстырып, құжат тапсыру жолдарын, жатақханаға орналасу ретін, сонымен қатар колледжде көрсетілетін әлеуметтік көмек жұмыстары туралы түсіндіріп өтті.

Ұстаздар ғылыми ізденіс жұмыстарын да тоқтатпады. Шәкірттерімен бірге түрлі онлайн байқаулар мен ғылыми жобаларға қатысты. Интеллектуалды білім порталдарының пәндік олимпиадаларынан, ғылыми жоба қорғау, мәнерлеп оқу сайыстарынан, сурет байқауларынан, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының төтенше жағдай кезінде ұйымдастырған «Золотое руно», «Кенгуру», «КИО» олимпиадаларынан мұғалімдер мен оқушылар жүлделі орындарға ие болып, дипломдармен марапаттал-

ды. Сонымен бірге Қорқыт ата мемлекеттік университетінің педагогика және психология кафедрасының ұйымдастыруымен Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай «Абай шығармаларының тағылымы» атты ғылыми жоба байқауына ZOOM платформасы арқылы мектебіміздің оқушысы қатысып, жүлделі үшінші орынды иемденді. Тәрбиелік шаралар тыс

Мектеп ұжымы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті мен қалалық білім бөлімінің қолдауымен қала мектептері арасынан алғаш болып «Мектептегі кәсіптік бағдар: Тұлғаның кәсіби құндылығы және педагогика мамандығы» тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференция өткізді. Конференция ZOOM

Қашықтан оқыту: бір белестен өттік

қалған жоқ. Мамыр айындағы атаулы даталар 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні, 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр – Жеңіс күні мектеп оқушыларының қатысуымен 40-тан аса түрлі шара өтті. «Бірлік пен келісім» тақырыбындағы онлайн тәрбие сағатынан басталған іс-шаралар оқушылардың түрлі идеяларымен түсірілген бейнероликтер сайысына ұласты. Мектеп оқушылары 130-дан аса ұлт өкілі мекен еткен Қазақстан халқын сан түрлі тілде құттықтады. Ата-аналар балаларымен бірге патриоттық әндер орындап, мектеп тынысына, бала тәрбиесіне етене жақын екенін білдірді. Облыс әкімі бастаған «Жасампаз жасақ» интерактивті акциясына оқушылармен қатар мектеп ұстаздары қатысып, әкелері мен аталарының ерлігін баяндады.

Еріктілікті дамытудың 7 бағытын басымдыққа ала отырып мектеп оқушыларынан құрылған 10 еріктілер тобына «Ұшқыр ой», «Туған өлкем», «Кітап құрттары», «Қамкор бол!», «Қанатты достар», «Жазыс орта», «Біз біргеміз», «Жас медиа», «Сабактастық», «Ой жүйрік» деген атаулар берілді. Әр топтың құрамы белгіленіп, жұмыс жоспары бекітілген. «Ұшқыр ой» еріктілер тобы «Интернет кітапты алмастыра ала ма?», «Мектептерге бірыңғай мектеп формасын енгізу ақталды», т.б тақырыптарға дебат және зияткерлік ойындарын өткізіп, «Қамкор бол!» еріктілер тобы карттар үйіне мерекелік бағдарлама қойып және карт кісілерге ауласын, үй-жайын тазалауға көмек берді. «Жас медиа» еріктілер тобы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы қарсаңында қала тұрғындарынан Абай өлеңдерін жалғастыруын сұрап, видеороликтер әзірлеп, өз жұмыстарын көрсетуде.

бағдарламасы арқылы үш бағытта жүргізілді. Оқушыларға кәсіптік бағдар беру күрделі әлеуметтік-психологиялық жүйе десек, конференция тақырыбы осы мәселенің нақты теориялық негізі мен проблемаларын айқындады деуге әбден болады. Онлайн-конференция жұмысына профессор-оқытушылар, «Өрлеу» БАҰО» АҚФ, облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ ұйымы, қалалық білім бөлімі, ТЖҚБ, орта білім беру ұйымдарының басшылары, мектеп мұғалімдері, магистранттар, студенттер белсенділікпен қатысып отырды.

Конференцияның құндылығы – бүгінгі күннің, осы кезеңнің өзекті мәселесін қозғауында. Пікірлер мен теориялық зерттеу негіздері мектептегі тәжірибемен бір арнаға тоғысқанда біздің қоғамдағы идеямыздың, қарайтын бағытымыздың бір екенін ұғындық. Ғалымдардың педагогикалық мамандыққа ұлттық бренд қалыптастыру жайлы әңгімелері көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Қашықтан білім алу – адам дамуының үлкен мүмкіншілігі екенін дәлелдеп тұрғандай болды.

Барлық баяндамашылар кәсіби бағдар берудің маңыздылығы мен педагогикалық мамандықтарға тартылатын оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін тоқталып, талдады. Қоғамдағы мұғалім ролін арттырудың мазмұнды жолдары мен педагог мәртебесі, қашықтықтан оқыту – заман талабы екеніне тоқталып өтті.

Жалпы білім берудің заманауи әдісті дұрыс ұйымдастыру қазіргі заманның басты талабы болып қала береді.

Айгүл МҰСАБАЕВА,
Абай хан атындағы
№140 қазақ орта мектебінің
директоры, доцент.



Тамақ табу кез келген тіршілік иесі үшін әрқашан бірінші орында. Солай болған, бола бермек. Адамзаттың да барлық іс-әрекетінің жеме-жемге келгенде осы төңіректе болуын заңды құбылыс десек, әлемде қалыптасып отырған қазіргі жағдай үлкен алаңдаушылық туғызып отыр. Баршамыз жұдырықтай жұмылып жұмыс жасайтын сәт туды. Көпшіліктің көкейінде жүрген «не істеу керек?» деген сұраққа жауап іздеп көрелік.

Елімізде ауыл шаруашылығына әрдайым мемлекеттік қолдау көрсетіліп келеді. Нәтиже де баршылық, жетістік те аз емес. Жеміс-жидек, көкөніс-бақша, т.б. мәдени дақылдар өнімдері қала мен ауыл тұрғындары

жылына 500-600 тонна сүт жинауға болады әрі сүтті тасымалдау қашықтығы 100 шақырымнан аспайды.

Сүттің тазалығы, майлылығы секілді көрсеткіштерді портативті құралдармен анықтап, бағаларын

бөлек экологиялық әсері тағы бар.

Бұрынғы тұтынушы кооперациясы жүйесінің тәжірибелерін қолдану (агенттер), бүгінде далаға тасталып, қоршаған ортаға зиян келтіріп жатқан мал терілерін, жүнді, макулатураларды жинақтап, қарапайым престерді қолданып формаларда қалыптап, өңдеу зауыттарына өткізу қолға алынса, сапалы да арзан жеңіл өнеркәсіптік шикізат тұрақты табыс көзіне айналады.

Есік алдындағы жерлерді өңдеу көп қол күшін қажет етеді. Сол себептен қолжетімді кішігабаритті техникалар мен құрал-жабдықтарды шығару – мемлекеттік ден-

атқармаған шаруашылықтарға көп жағдайда айыппұл салумен шектеледі. Меніңше, аталған күрделі мәселенің күрмеуін тарқатудың бірден-бір амалы – тауарлы балық өндірісін ұйымдастыру. Ол үшін біріншіден, жыл бойы суы тартылмайтын көлдерді анықтап, телінген су көздерінен оларға күзде немесе ерте көктемде еселеп су құйып отыру қажет. Екіншіден, балық өсіру мақсатында әрбір елді мекен аумағында арнайы жасанды көлдер қазып, солардағы балық қорын күріш алқаптарынан жиналған шабақтар есебінен көбейтіп отыру жақсы нәтиже бермек. Балық шабақтарын көлдерге жіберуді ұйымдастыруды айыппұл салу арқылы емес, керісінше, ынталандыру шаралары арқылы жүргізген дұрыс. Балық қорғау инспекциясы, экология, орман, су шаруашылығы мекемелерін жұмылдыру немесе тұрғындарды қатыстыру жұмыстары жергілікті ауыл әкімдерінің ұйымдастыруымен жүргізілуі тиіс. Балық қорын көп шығынсыз көбейту азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіне қосылатын қомақты үлес болмақ.

Қазіргі күні Қазақстанада құрылыс қарқынды жүруде. Оған қыруар қаржы жұмсалуда. Құрылыс жұмыстарына еліміздің барлық аймақтарында гастарбайтерлер (шетелден келген жұмысшылар) тартылууда. Өз азаматтарымыз жұмыссыз жүр. Басқа жағдайларды айтпағанда (салықтан жалтару, қосымша шығындарды азайту, т.б.), жұмыс берушілер арасында «қазақтар жалқау, жұмыс істей алмайды» деген орынсыз пікір қалыптасып, жергілікті мамандарды шеттету орын алған. Қаншама қаржы сыртқа кетуде. Құрылыс мамандарын пайдалануда заң талаптарын күшейту – пісіп-жетілген мәселе. Мұнай-газ саласындағы шетелдік компанияларға қойылған талаптар қазіргі күні өз нәтижелерін беріп, отандық мамандар үлесі де, айлықтары да көтерілуде. Ендігі кезек – құрылыстыкі.

Өзбек ағайындардан үйренетін мәселелер де бар. Біздің құрылыс нысандарын үлкен тәжірибе алаңына айналдырған олар тіпті көмелетке толмаған балаларын да ертіп келіп, бірнеше жылда маман қылып шығаруда. Ал бізде сылақшы, кірішші қалаушы, т.б. құрылыс мамандарын мемлекет қыруар қаржы бөліп дайындай алмай жатыр. Колледждерде жұмысшы мамандар даярлаудың дуальді жүйесін енгізудің әлеуметтік-экономикалық маңызы зор. Дуальді жүйе мамандардың бәсекелік қабілетін арттырып, жұмысқа орналасуына ықпал ететін бірден-бір фактор десек, қателеспейміз.

Өңір экономикасын өркендетудің тиімді көздерінің бірі – туризм. Оны дамытуда тарихи артықшылықтарымызды онтайлы пайдаланудамыз ба? Мысалы, теміржол бойында сонау патша заманынан қалған вокзал, тұрғынүйлер, көпірлер, су мұнаралары, су алу құбырлары, қасиетті жерлер, «Байқоңыр» ғарыш айлағы, Аралдың кепкен табаны, гидротехникалық нысандар, сәулет-құрылыс ескерткіштері – туристік маршруттарға кіруге сұранып тұрған дүниелер. Енді шамалы уақытта бәрін жоғалтып алуымыз ғажап емес.

Кейбір мамандардың сапалық деңгейі төмен немесе біліктіліктері атқарып жүрген қызметтеріне сай келмейді. Тапсырмалардың орындауды ғана біледі. Креативті ойлар, өміршең ұсыныстар, жаңа бастамалар жоқтың қасы. Қорықт ата университеті, Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты базасында және өңірдің озық өндірістерінде арнайы курстар ұйымдастырып оқыту – олардың біліктілігін көтеретіні талассыз.

Иә, қазір ауыл жастары қалаға жаппай көшіп жатыр. Мемлекет тарапынан осынау үрдісті тоқтату бағытында қабылданған бағдарламалар ойдағыдай нәтиже бермеуде. Сондықтан, өмір сүруге қолайлы жағдайлар туғызу (өркеніет жетістіктерін жеткізу, тұрмыс сапасын жақсарту), шағын кәсіпорындар ашып, табыс көздерін көбейту халықтың ауылда тұрақтануына қымбат етеді. Ал, ауылдың ұлтымыздың рухани құндылықтарын, мәдениетін сақтап, қайта түлетудегі айрықша маңызы баршамызға белгілі.

Серікбай ӨМІРЗАҚОВ,
техника ғылымдарының докторы,
ҚР Ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының академигі,
«Ауыл» ХДНП облыстық филиалының төрағасы.

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАРДЫҢ ДЕПОЗИТ САЛЫМЫ – 141 МЛРД ТЕНҒЕ

Бұл біздің тұрмыс деңгейімізге өлшем бола ма?

Наурыздың соңғы күндері мен сәуір айынан бастап халықтың қазақстандық банктегі депозиттерін «сыпырып алып жатқаны» жайында хабарлар жиі түсе бастады. Шынын айтқанда, бұл қорқыныш туғызатын дүрбелең болатын. Егер осындай жағдай орын алатын болса, банкілер банкротқа ұшырайды, мемлекеттің қаржы айналымы құлдырайды деген ұғымды білдіреді.

Өз-өзімізге келген соң Қазақстан Ұлттық банкі Қызылорда облыстық филиалының директоры А.Мұстафин мырзаға редакция атынан қатынас жолдап, онда бірқатар сауалдарға жауап беруін өтіндік. Қатынаста депозиттің жай-күйі, халықты несиелендіру жағдайына байланысты деректер сұралды. Көп кешікпей жауап алдық. Шынын айтқанда, сол әлеуметтік желіде айтылғандай «апатты көріністі» байқамадық. Оған көз жеткізу үшін алынған деректерді оқырмандар назарына ұсынғымыз келеді.

2020 жылдың 1 қаңтарындағы дерек бойынша облыстағы депозиттердің жалпы мөлшері 146,7 млрд теңгені құрапты. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда оның өсімі 21 процентті құрайды. Оның ішінде заңды тұлғалардың салымдары 37,1 млрд теңгені құрап, өсімі 35 пайыз болған! Ал жеке тұлғалардың депозит салымдары 109,6 млрд теңге.

Енді 2020 жылдың 1 сәуіріне келейік. Депозит көлемінде халықтың үлесі 114,2 млрд теңге. Цифрлар өздігінен сөйлейді. Оған түсініктемес беру үшін білімді болудың қажеті шамалы. Демек, блогерлер қара аспанды төндіргендей, Қазақстанның, оның ішінде Қызылорданың қаржы жүйесінде алаңдатарлық жағдайдың жоқ екенін байқаймыз.



Әрине, доллар мен теңге айырбасы арасында біршама теріс тенденцияның орын алғанын жасырмаймыз. Айталық, 2020 жылдың қаңтар-наурыз айларында облыстың айнарабастану пункттері 31,9 млн АҚШ долларын сатып, 16,9 млн АҚШ долларын сатып алды. Демек, осы аралықта халықтың доллар сатып алуға деген құлшынысы екі есе артқаны байқалып тұр. Бұл, әрине, сол уақыттың қарбалас сәтіне сай келетін құбылыс. Өйткені барлық жерде теңге құлдырап, оның шарықтау шегі 500, тіпті 600 теңгеге жетеді деген хабар таралды.

Әлбетте, біз қазір теңге - доллар бағамына қатысты алдағы уақытқа нақты болжам жасай алмаймыз. Олардың бағамдары негізінен экономиканың жүру деңгейіне, сонымен бірге мұнайдың бағасына, кейбір әлемдегі тосын құбылыстарға байланысты. Ұлттық банк қабылданған шешімге сәйкес қалыптасады. Бірақ, осының барлығы жоғарыда айтылған себеп-салдарлардың қаншалықты жылдам орнығатынына байланысты болады.

Банк директорына қойылған сауалдың ішінде экономиканы несиелендірудің деректері де сұралды. 2020 жылдың 1 сәуір деңгейіне банктердің экономиканы несиелеу көлемі 228,5 млрд теңгені құрапты. 2020 жылдың 1 сәуіріне облыста тұтынушылық мақсатына берілген несиелер бойынша негізгі қарыз 163 млрд теңгені құрайды. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда ол 23 процентке өскен. Дерек бойынша тұтынушылық несиенің жалпы қарыздағы үлесі 62 процент. Жалпы халыққа тұтынушылық мақсатта берілген несиелер 2019 жылы 151 млрд теңгені құраса, 2018 жылмен салыстырғанда оның көлемі 30 процентке өскен. Осының барлығы салыстырмалы түрде алғанда біршама алаңдаушылық туғызады. Бұл туралы алаңдаушылығын кезінде Қазақстан Президенті де атап көрсеткен болатын. Себебі халық нақты экономикалық белсенді іс-қимылдан гөрі тұтынушылық мақсаттағы бұйым алуға құштар. Мұны енді өзіңіз де саралай біріңіз.

Мақалада тақырып ретінде алынған 141 млрд депозит салымы біздің бүгінгі тұрмыс деңгейімізге қаншалықты өлшем бола алады? Бұл сауалдың жауабы біршама күрделілеу. Себебі 141 млрд теңгенің облыста біз қанша адамның үлесіне тиісті екенін білмейміз. Банктегілер сұрыптаудың қиын екенін айтып, қиналыс білдірді. Бұған қосымша дене доллар депозиті де бар. Дегенмен, біз алдағы уақытта аталған сауалдың жауабын табуға талпыныс жасайтын боламыз.

1-бет.



дастархан мәзірінен берік орын алды. Бір қарағанда бәрі жақсы сияқты. Алайда, бұларды өндіретін өндірістер бизнестік бағытта болғандықтан, бүгінгі әлемдік дағдарыс жағдайында, азық-түлік қауіпсіздігін нақты қамтамасыз ете алмайтыны байқалып қалды. Мысалы, жылпжай шаруашылықтарын алайық, мемлекеттен қаржылай көмек алса да, өнімдерінің сату бағасы өте қымбат. Азық-түлік – жалпы ұғым, ал олардың қатарында халықты тамақтандыру ісінде алдыңғы орынға шығатындары барын ұмытпағанымыз абзал. Нақтылай түссек – бидай, күріш, арпа, жүгері, картоп, пияз, қызылша, т.б. ауылшаруашылық дақылдары мен мал және балық шаруашылығы өнімдері. Бұлардың еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі орны айрықша маңызды.

Жалпы, азық-түлік қорын молайтуда қарапайым заттар экономикасын басшылыққа алғанымыз дұрыс. Ол үшін ауылдық оқруғтар әкімдерінің жұмысын жанаша ұйымдастыру мәселесі туындайды. Себебі, ауыл әлеуетінің шамасы мен ауқымын жақсы білетін солар.

Бір ауылда орташа есеппен 200-300 түтін тұрады деп, ал олардың есік алдындағы егіске жарамды жерін 20 сотық деп алсақ, әр ауылдан кемінде 50-60 гектар егістік жер шығады. Көпшілік ауылдарда, аудандар мен облыс орталығында аяқсу мәселесі шешілген. Қызылорда облысындағы елді мекендердің 80 проценттейі (шамамен 200 елді мекен) есік алдындағы жерді игерсе, көкөніс-бақша дақылдарын өсіретін қосымша 8-12 мың гектар жер пайда болады. Орташа есеппен әр гектардан 5-6 тонна өнім жинағанда, 50-60 мың тонна сапалы, дәрүмендерге бай өнім өндіруге, тұтынуға немесе сатуға мүмкіндік туады. Аталған экологиялық таза азық-түліктер ауладағы жерқоймаларда еш шығынсыз ұзақ сақталады. Орташа сату бағасы 100 теңге болған жағдайда өнімнің құны 5-6 миллиард теңгені құрайды. Шамамен 60-70 мың адам жұмыспен қамтылады және әрқайсысы 100 мың теңгенден аса табыс таппақ. Бұл – әрине, күніне 1-2 сағат ғана айналысып, орындауға болатын шаруалар.

Сондай-ақ сүт өндіру мәселесін шешуге де мүмкіндік бар. Әр ауылдан кемінде 20 отбасы шыққанда, 40 сиырдан күніне 200 литр, 8-9 айда 50-60 тонна сүт сауылады. Демек, аудандар орталығында бұрынғы сүт зауыттарын қайтадан қалпына келтірілуге болашағы зор. Ал, ұйымдасқан сүт фермаларын, шаруа қожалықтары оларды шикізатпен толық қамтамасыз ете алады. Жалпы сүт өнімдерін дайындау саласында үлкен өндіріске ұмтылудың еш қажеттігі жоқ, шағын зауыттардың қуаты жеткілікті. Экономикалық жағынан да тиімді. Өйткені, әр ауылдан

белгілеп отырса, су қосу сынды келенсіз құбылыстар өзінен-өзі жойылады. Мысалы, майлылық көрсеткіші 3,5%-дан жоғары болса, қосымша ақша қосып, ынталандыру сүт сапасын одан әрі арттыруда өз жемісін береді.

Ауылдық жерлерде жаңа жұмыс орындарын ашу оңай емес. Ал экономиканың даму заңдылықтары бойынша қай жерде де тауар өндірісі болуы шарт. Осындай жұмыстардың ұйымдастырылу деңгейін қоғамдық саралау – ауылдық округ әкімдерінің жұмысын бағалаудың бір жолы. Статистикалық мәліметтер мен алғашқы ақпараттардың жинақтау да ауыл әкімдерінің құзырында болғаны дұрыс. Себебі, мемлекеттік бағдарламаларды жасауда негізге алынатын ақпараттар қателіктерге ұрындыруы мүмкін, 60 мың тонна етті экспорттау бағдарламасы – айтылғанға нақты мысал.

Дақылдардың өнімділігі, т.б. сол іспеттес көрсеткіштер әкімдердің жұмысын бағалаудың сенімді критерийіне жатпайды, себебі оларға тікелей қатысты емес.

Өз басым келешекте ауыл әкімдерін халық сайлайтынына сенемін. Сол кезде экономикалық үрдістерді сауатты іске асыра алатын, парасаты биік, елжанды, іскер азаматтардың аренаға шығатындығы сөзсіз.

Жеке ауланың шаруашылық әлеуетіне жеткілікті мән бермей жүретіз. Бес-алты қой, ешкі өсіру, тауық, қаз асырау – ұйымдастыруға болатын шаруа. Сүті, еті, жұмыртқасы ағзаға азық болса, жүні, терісі, асығы, қауырсынына дейін кәдеге жарайтыны күмәнсіз. Ауыл іргесіндегі егістіктерде мал азықтық шөптердің мол қоры жеткілікті.

Жұмыс, табыс көздері ізденсе, баршылық. Нақты мысал келтірсек. Біздің аймақта кәлімгі Бұқар жидесі мен сары өрік өте жақсы өседі, яғни, табиғат сыйы. Осы жиденің денсаулыққа пайдасы ұшан-теңіз. Базарда Өзбекстаннан әкелінген жидені саудаласаныз, бір келісі 600-700 теңге. Ал, бізде құсқа жем болып жиналмай қалады. Өріктен кураға жасауды үйрену оң-айы. Дәнін бөлек шақсаң, қып-қызыл ақша. Міне, ағайындар пайда қайда жатыр.

Ойдан ой туады. Ауылдарда ақша тігіп, ит төбелестіру көрінісі белен алғандай. Төбелестірін иттерді сапалы қорекпен қамтамасыз ету үшін қомақты қаржы жұмсалатыны да түсінікті. Ойланайық, ағайын! Дарақылықты тоқтатайық. Олан да әлгі иттерге арналған құнарлы тамақ қалдықтарын үй малы мен құсына берген пайдалы. Мал-құстың қиларын дереу жинап, қамбаларда пірітіп, егістікке пайдалансақ, топырақ жақсарып, өнім көбейетініне әлемдік тәжірибе кепіл. Базарда бір қорап көң 20-25 мың теңге, есептей беріңіз ақша қайда жатыр. Экономикалық әсерден

ғалымдарымен бірлесе жұмыс істеп келеміз. Былтыр еккен 20 гектарымыз өнім көп бермеген соң, быыл ғалымдар араласып жатыр. Егіп, бір дағдылансаң, тиімділігі жоғары. Күріш секілді қоймада сақтамайсың, жинайсың да сатып жібересің. Есесіне,



СОЯНЫҢ НЕ СЫРЫ БАР?

Былтыр біз Қармақшы ауданындағы Тұрмағамбет ауылында ектік. Өңірде «Жансая» сорты қолданыста. Бұл өсімдіктің құрамында 38-46 процент ақуыз, 19-24 процент өсімдік майы болады. Сол себепті сүт бағытындағы шаруашылықтарға пайдалы. Медицина саласында да оның әсері зор. Мәселен, жүрек жұмысын жақсартуға, қан қысымын қалыпқа келтіруге қолдануға болады, – дейді Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері Өмірзақ Айтмұхамбетов.

Сояның жауы – отақ. Арамшөп қауласа, өнім аз болады. Ал артық шөптен арылтып, күтімін жасадың ба, егін жинау науқанында пайдаға шаш етектен кенелесің. Оған қоса, көп суды қажет етпейді. Еғу мен жинау

арасында 3-4 мәрте ғана суарылады. Ал жерді тыңайту қасиеті де ерекше. Атмосферадағы азоттың бактериялар сояның тамырына жиналады. Ал соя оны биологиялық азотқа айналдырады. Осылайша былс осы еккен жерге келер жылы уайымсыз күріш еге бересіз. Бір айта кетерлігі, өсімдік гүлдегенде міндетті түрде суару керек.

Өткен жылы қармақшылықтар алғашрет соядәнін септі. Мамандардың айтуынша, Жер-Ана жатырмамады, бауырына басты. Өнімді боларына көзі жеткен диқандар биыл көлемін арттыруды көздеді. «Тұрмағамбет» ЖШС былтыр 20 гектарға ексе, биыл бұл көлемді бес есеге арттырмақ, яғни, 100 гектар аумаққа соя өсіреді. Ал «Жанажол» ЖШС 70 гектарға егеміз деп жоспарласа, оның жартысына жуығын аяқтады.

– Біз Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институтының

1-бет.

ТОПЫРАҒЫНА ТАРТҚАН ТҰЛҒА

«Маржаны Сырдың – Шиелі» атанған бұл аймақтан 41 еңбек ерінің шығуы – кешегі тарих, бүгінгі аңыз.

Етігімен су кешіп жүріп күріш дақылын егудің ең қиын, қилы кезеңдерін бастан өткерген Ыбырай Жақаев соғыстан кейінгі жылдары еңбек даласындағы ерлік үлгісін танытты. 1946 жылы оған сол кезде сталиндік деп аталатын КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді. Сонда жарықтық Ыбырай атамыз сыйлықтың ақшасымен өз қолхозына 5 трактор сатып алыпты. Ал, келер жылы диқан күріштің әр гектарынан 172 центнерден өнім келтіріп, дүниежүзілік рекорд орнатады. Сол жетістік әлем бойынша әлі жаңартылмапты.

Сb Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы».

Жасынан әкесінің қасында жүріп, шалдардың шапағатты тәрбиесін алған Жылқайдар жас күнінен-ақ Ыбырай ерліктерін санаға түйіп өсті.

Әкесі Машрап ақсақал соғыс ардагері, ауыл берекесін сақтауға ақыл-парасатымен бас болған үлкендердің бірі еді. Баласын да қаршадайынан еңбекке баулыды. Бұл әулетте сол тәрбиенің тіні үзілген емес, бүгінде Жылқайдардың өз балалары да елге пайдасын тигізіп, шуағын түсіріп жүрген азаматтарға айналды. Еңбекке келгенде қарым талды, белім ауырды дегенді айтқан бірі жоқ.

Жылқайдар Машрапұлы туған ауылы Алғабаста орта мектепті бітіріп, Алматы қаласындағы Қазақ ауыл шаруашылығы институтынан жоғары білім алды.

1978-2000 жылдар аралығында «Ленин» қолхозында экономист, есепші, бас есепші болып еңбек етті. 2001 жылдан зейнетке шыққанға дейін «КазАтомПром» саласының «Сауда және көлік компаниясы» серіктестігінде экономист болып қызмет атқарды.

Жылқайдарды осы күні бір әулеттің ғана емес, күллі ауылдың алтын діңгегіне айналған азамат десек, біз оның бағасына дөп түсеміз. Елдің қамын жеп, көптің қажетіне жарап жүрген азаматтар көп

те емес. Оларды ел-жұрты әрдайым үлгі-өнеге қылып, мақтан тұтады.

Жәкең балаларына кәсіп етіп, оның нәсібін көруден бөлек, тапқанын көпшіліктің игілігіне жаратулы да үйреткен азамат. Оны біз балаларының атқарып жатқан жұмыстарынан жақсы білеміз.

Төрт ұл, бір қыз өсіріп, тәрбиелеген отбасының үлкені Мұхит мұнай кенішінде жұмыс жасайды. Бейбіт медицина маманы, қазіргі таңда «Бейбарыс» шаруа қожалығының төрағасы болып, мал шаруашылығымен айналысып жүр.

Талғат – «Семізбай» ЖШС-ның «Ііркөл» кенішінде ПТО инженері, Аида – жеке кәсіпкер, отбасының кенжесі Ерболат «БЕТА-К» ЖШС директоры болып қызмет атқарады.

Жылқайдар 2017 жылы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік бағдарламасы аясында өз ауылынан спорт кешенін салып, пайдалануға берді. Спорт мектебінде қазіргі таңда 280 бала спортпен шұғылданады. Бұрын ауыл балалары басқа ауылдағы қатарластарынан қалғысы келмей, алысқа қарағыштап тұратын. Қазір олардың оған уақыты жоқ, қазақша күрестен, бокстан, таэквондодан, тоғыз-құмалақтан республикалық чемпионаттарға, турнирлерге қатысады. Қаншасы

жеңімпаз атанып, күллі ауылдасты қуантты. Жылқайдар сол балалардың бал-бұл жанған жүзін көргенде талай іске тәуекел етіп, қиналған кездерінен мият тауып, бір тыныстап алады.

Жылқайдар Машрапұлы ауыл тұрғындарының өтінішімен жер көлемінде 80 отбасының үлесі бар «Заңғар» шаруа қожалығын қолға алып, егін егумен айналыса бастағанда қанша қиындық андағайлап алдынан шықты. Алғашында шаруашылық меншігінде техника болмады, жұмысты кетпен сілтеп, күрек көсеп, қол күшімен бастады.

Көш жүре түзелді, қажетті техникалар шаруашылықтың шамасына қарай әр жылы қарай бір-екіден алынды. Қазіргі таңда «Наурыз-Дем» агро несиесі серіктестігінен алынған 68 млн теңгенің техникасымен жарактанып отыр.

Еңбек етемін деген адамға қол ұшын созатындар табылады. «Сен маған қарай бір қадам бассаң, мен саған қарай екі қадам басамын» деген Жаратушының сөзі еске түседі, осындайда. «Заңғар» айналым қоры үшін «Абай-Дәулет» серіктестігімен күзгі өнім есебінен келісім шарт жасасып, жұмыс атқарды. Өз әріптестерін ерекше бағалайтын «Абай-Дәулет» бұларды тыңайтқыштармен, дизель отынымен қамтамасыз етті. Бұл көмек «Заңғар» жұмысының тоқтамай, толық жүруіне жол ашты.

Шаруашылықтағы осыдан отыз жылдай бұрын арналып, одан кейін тазаланбаған 638 гектар жердің каналдары қайта қазылып тегістелді. Есептен шығып қалған жерлер инженерлік жүйеге келтіріліп, дөңді дақыл егуге дайындалды. Әкесі баяғыда Шиелі каналын он төрт мың адам кетпендеп қазғанбыз деуші еді. Солардың көрген қиындығының қасында біздікі тойда шаршағандай ғой деп



өзін қамшылап, ауыл сенімін арқалады. Бұдан бөлек 200 гектар жабайы жайылымдық жерді тегістеп, су жолдарын аршып, қашыртқысын түсірді. Мақсат – егіншілік мәдинетін күшейтіп, егіс айналымына толық көшу болатын.

Бытырғы жылы 250 гектар күріш егіп, әр гектардан 62 центнерден өнім жинады. 76 гектар жоңышканың әр гектарынан 6 тоннадан шөп шапты. 32 гектар көкөніс-бақша дақылдары әр гектардан 90 центнер өнім берді.

Ауыл орталығынан күріш ақтайтын диірмен мен сыйымдылығы 1500 тонна астық қоймасы соғылды.

Жылдың қорытындысы бойынша қожалықта еңбек ететін 22 кісінің озаттарына 1 автокөлік және қалған жұмысшыларға 3-5 тонна күріш салысы сыйақыға берілген, сондай-ақ, 1 озат механизаторға 7 бөлмелі тұрғын үй құрылысын салуды бастап кетті. Жыл сайын қожалық есебінен 124 үлескерге ақ күріш пен мал азығын дайындап беруді дәстүрге айналдырды.

Міне, осынша жұмысты атқару айтуға ғана жеңіл. Соның бәріне Жылқайдардың өзі басшылық жасайды.

Биылғы жылы күріш көлемін 300 гектарға жеткізді,

оған қоса 55 гектар жаздық бидайға жоңышқа қосып және 30 гектар жерге көкөніс-бақша дақылдарын егіп отыр.

Коронавируске байланысты төтенше жағдай кезінде қиындық салмағы иыққа батыңқырағаны рас. Мемлекет бұл жағдайды жеңілдетудің жолдарын дер шағында қарастырды.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның қорытынды отырысындағы сөзінде: «Азық-түлік қауіпсіздігін сақтау – мемлекет қауіпсіздігінің басты міндеті. Мұны қалыптасқан ахуал анық аңғартты. Сондықтан біз ауыл шаруашылығы саласына барынша қолдау көрсете береміз» деген болатын. Осыған орай, биылғы егіс маусымында тыңайтқыштарға 50, жанар-жағармайға 15 проценттік жеңілдік көрсетілді. Бұл жәрдем егінші үшін екі қолтығынан демегендей күш берді.

Ұжымда қазіргі таңда 3 «К-700», 3 МТЗ донғалақты тракторы, 3 жатқа, 3 астық бастыратын комбайн мен түрлі ауылшаруашылық техникалары бар. Еңбек ырғағын толостатпай ауыл ырысын тасытқандар сол техникаларын тынымсыз жұмыс істетіп тұр. Биылдың өзінде бұтасы жел

өтпейтіндей тұтасып кеткен 38 гектар жер аршылып, егістік есебіне қосылды.

Шаруа қожалығындағы үлескер отбасылары биыл қара шаңырақтан еншісін алып бөлек шыққан жастарды қосқанда үй саны 122-ге жетті. Шаруашылық бұл жас отбасыларға мал азығы мен 50 келі ақ күріш береді. Көмек тегін. Ұжым есебінде табысы төмен отбасылары да бар, оларға қосымша көмек көрсетіледі. Олардың балаларының үйлену тойының бір жағын көтеріседі. Ұжым мүшелері еңбекқалыры өз уақытында беріледі.

Бытырғы егін жинау науқанында күріш басында жүргендер ай сайын 140-280 мың теңге аралығында ақша тапты, оған қоса 3-5 тоннадан күріш салысы берілді. Егіс науқанынан соң да жұрт аз жалақы алғанмен, жұмыссыз қалмайды. Оның үстіне шаруашылық өткен жылғымен салыстырғанда жалақыны 10 процентке көтерді.

Біз сөз басында Жылқайдардың әкесін көрген тәрбиесі мен еңбексүйгіштігін балаларына сіңіріп келе жатқанын бір ауыз айтып өттік.

Ендеше, Ерболат Жылқайдарұлы басқаратын «БЕТА-К» серіктестігінің игі істерінен де хабардар қылайық. Ол бытырдан бастап «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» күре жолының бойынан 100 орындық асхана, 20 орындық қонақүй, техникалық жөндеу стансасын және жолаушыларға көрсетілетін түрлі қызмет үшін құрылыс жұмыстарын жүргізіп отыр. Бұл нысандар 2021 жылдың аяғында іске қосылады.

Ал, алдағы кезеңде шаруашылық көлемі мал ісімен кеңі түспек, сонда барлық адамдар жыл бойы жұмыстан қол үзбейтін болады. Бұл жұмысты «Бейбарыс» шаруа қожалығын басқаратын Бейбіт Жылқайдарұлы жасамақ.

Жұрттың аузын аққа, малын көкке салып отырған Жылқайдар Машрапұлының осындай азаматтық тұлғасы мен балаларын ел мүддесіне баулыған адамдық ізгілігіне ауылдастары бек разы.



Мақпалкөлден шыққан атымтай

Кенжебай ағаны көптен білемін. Сөзіне ісі сай орнықты жігіт ағасы. Өмірден түйгені көп. Елдің жанашыры, қамқоршысы, ел-жұртына тигізген ізгілігін ашық айтпайды, тіпті жарнамаламайды. Кейде мұның сыры неде екен деп ойлаймын. Бәлкім тектілігінен шығар... Қалай болғанда да Кенжекеңнің халықтың ойынан шығатындай қадау-қадау қамқорлық шараларын жасауы ерлікке пара-пар іс десе де болады. Әсіресе, бүгінгідей таршылық кезеңде оның құндылығы барлығына да бағалы. Ал Кенжебек ағам мұны жай ғана өзімнің міндетті парызым деп түсінеді.

Кенжекең «Өзімнің кіндік қаным тамып, құмында асыр салып ойнап өскен туған ауылым Мақпалкөлдің 2015 жылы босанған барлық әйеліне ақшалай көмек жасаймын. Сөйтіп, бір ауылдың көлемінде демографиялық ахуалды жөндеуге үлес қосамын» деген шешімге келген.

Дертке шалдыққан қаншама жанның сауабын алып, ұрпақ санын көбейту жолында ел игілігі үшін еңбек етіп жүрген халық емшісі Кенжебай Тоғызбайұлының арғы аталары қасиет қонған жандар еді.

«Әкем анаман 30 жас үлкен болатын. 1954 жылдың сәуір айының басында өмірден өтті. Кенес үкіметі заманында бақсы-балгер, молдаларды жаппай қырып-жойып, абақтыға жауып, итжеккенге айдаған. Әкем 63 жасқа келгенде 1950 жылы мен дүниеге келдім. Соңында қалған ұлдан жалғызбын. Бабалардан келе

жатқан асыл қасиет маған 16 жасымнан келе бастады.

1989 жылы наурыз айының аяғында Алматыда Қазақ ССР Ғылым академиясының ұйымдастыруымен Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналған 22 емші екі апта бойы науқастарды емдедік. Арнайы құрылған комиссия біздің қабылеттерімізді бақылап отырды. Нәтижесінде, сол талапкерлер арасынан оза шығу бұйырды дейді ол.

Кенжебай Тоғызбайұлы Мақпалкөл ауылында 2015 жылдың 1 қаңтары мен 31 желтоқсаны арасында босанған барлық аналарға ақшалай сыйлық табыс етті. Ауылдың мәдениет үйінде, онан кейін мектеп залында ұйымдастырылған іс-шараларға ауыл ақсақалдары, көпбалалы аналар және мектеп оқушылары қатысты. Сол жылы ауылда босанған 43 анаға 1 000 000



теңге қаржылай көмек көрсетіп, көпшіліктің алғысына ие болды.

«Менің мақсатым – дүниеге ұрпақ әкелген аналарға көмектесу. Елімізде байлығы жағынан мені он, жүз есе орап алатындар бар. Менің осы іс-әрекетімнен кейін олар да еліміздегі демографиялық ахуалды дұрыстауға өз үлестерін қосса деймін, алтын құрсақты аналарға қаржылай көмек көрсетсе екен» дейді Кенжекең.

Шынында да бұл дегеніміз – елімізде бала тууды ынталандырып, оң демографиялық өзгерістерге алып келетін игі бастамалардың бір бөлігі болып саналады. Кез келген елдің

экономикалық дамуының құрамдас бөлігі – адам факторы. Адам факторы, адам санының көбеюі – Қазақстан үшін стратегиялық мақсат екенін ескере отырып, осы бағытқа баса назар аударып, ұрпақ санын көбейтуге сеп болатын жаңа идеялар мен маңызды жобаларды халық арасында жиі ұйымдастырып отыру қажет. Ол үшін халқымыздың әлеуметтік жағдайын, оның ішінде, өмірге ұрпақ әкелетін аналар мен балалардың жағдайын жақсартуға күш салу маңызды. Мұндай Ұлттық маңызды зор жобаларды орындауға мемлекеттің қаржымен қоса, жеке кәсіпкерлердің де капиталын тарту қажет. Қазір мемлекетіміз көпбалалы аналарға қолдау жасап, көмек көрсетуде.

Кенжебай Тоғызбайұлы бытыр өзінің туған ауылы Мақпалкөлдегі көптен бері ашық-шашық жатқан қорымның сыртын өз қаражатына қоршап берді. Қаладан қажетті материалдар апарып, қозындығы 1,5 шақырым болатын қорым айналасына іргетас құйылып, қаңылтыр темірлер орнатылды. Сөйтіп, күнде ауыл малы кіріп кететін мәңгілік мекенді тап-тұйнақтай етіп берді.

Ұлы Жәністің 75 жылдығы қарсаңында «Қазір қан майданда шайқасқан соғыс ардагерлері сау-сақпен санарлықтай қалды ғой. Облыстағы ардагерлердің әрқайсысына өз қаражатымнан 75 мың

теңгеден беріп, өзімнің перзенттік борышымды орындасам» деді. Облыс бойынша арамызда қалғаны 16 ардагер (өкінішке қарай, мереке қарсаңында Жанакорған ауданындағы ардагер дүниеден озды) екен, оның 8-і Қызылорда қаласында, 8-і аудандарда тұрады. Аудандағы соғыс ардагерлерінің есеп қартықаларына 75 мыңнан қаражат аударып, қаладағы ардагерлерге «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы басшыларымен кіріп, құттықтап шықтық.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқын Ұлы Жәністің 75 жылдық мерекесімен құттықтауында «Халқымыз Ұлы Жәніске өлшеусіз үлес қосты. Отандастарымыз майдан даласында ерлікпен шайқасып, олардың жартысынан жуығы елге қайтып оралмады. Жауынгерлеріміздің батырлығы мен қайтпас қайсарлығы жер бетінде бейбітшілік пен тыныштықты сақтауға мүмкіндік берді... Аға буынның теңдессіз ерлігін құрметтеп, зұлмат соғыстың зардаптарын ұмытпау – біздің қастерлі борышымыз» – деп атап көрсеткен болатын.

Кенжекең ұрпақ алдындағы қасиетті борышын орындап келетініне өзін бақытты санайды.

Бауыржан ЕЛЕУСІНОВ,
Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі.



Қазақ ұғымында «Құралайдың салқыны» деген сөз бар. Бүтінде сирек қолданылып, көмескіленіп бара жатыр. Қариялардың аузынан оқта-текте естіп қалатынымыз болмаса, қаладағы жұрттың көбі оны әлдеқашан ұмытқан. Құралайдың салқыны басталғанда қасиетті жануар да төлдей бастайды екен. Киіктің жаппай төлдеуі, төлін аяқтандыруы табиғаттың құбылмалы, салқын кезіне дөп келгендіктен бұл кезді «құралайдың салқыны», «құралайдың суығы», «киіктің лақ өргізуі» деп атап кеткен.

ДАРХАН ДАЛАНЫҢ ЕРКЕСІ



САПАР ҰЗАҚ...

«Мың рет естігенше, бір рет көрген артық» демекші, акбөкендердің төлдеу маусымын, оларды браконьерлерден кірпік ілмей қорғап жүрген қызылордалық инспекторлардың өмірін көзбен көру мақсатында «Охотзопром» ӨБ» өңірлік филиалының директоры Берік Жорабековке хабарластық.

Берік Сейіткасымұлы ә дегеннен қарсы болмады.

— Қазір облысымызда кең көлемде «Киік» акциясы жүріп жатыр. Бұл ішешім киіктің көбею уақытында және басқа да жануарлар дүниесін қорғау, табиғат заңдылығын сақтау мақсатында еліміздің Экология, геология және табиғи ресурстар, Ішкі істер министрлігі және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің осы жылғы ақпан айындағы бірлескен бұйрығына сәйкес қабылданған. Осыған орай облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының, аудандық, қалалық полиция бөлімдерінің, орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелерінің, «Охотзопром» ӨБ» филиалының, аншылық шаруашылығы қызметкерлерінен мобильдік топтар құрылды. Киіктің миграциялық жолдарында қорғау шараларын күшейту мақсатында жедел топ қызметкерлері автокөлікпен және тиісті жабдықтармен қамтамасыз етіліп, облыс көлемінде бірлесіп қорғау жұмыстары жалғастырылуда. Акбөкен мамыр айының екінші онкүндігінен бастап төлдейді. Сіздер сәл кешігіп қалдыңыздар. Себебі, жаппай төлдеу уақыты бүгін-ертең аяқталады. Дегенмен, ауызды қу шөппен сүртуге болмайды. Бұйыртыса, біздің инспекторлардың өмірімен танысып, киіктің төлдеу маусымын көріп қайтасыздар. Басын ашып айтайын, жол шаршатады. Сапар ұзақ. Сондықтан, 3-4 күн жол жүруге тура келеді, — деп нақтылады Б.Сейіткасымұлы.

АРҚАНЫҢ БЕТПАҚ ДЕГЕН ДАЛАСЫ БАР

Ертеңінекеліскен уақытта жолға шықтық. Жолбасшыларымыз шештін тәжірибелі, сақа жігіттер екендігі көрініп тұр. Жол талғамайтын арнайы көліктің тізгінінде «Охотзопром» ӨБ» өңірлік филиалының инспекторы Айбол Айдарбеков. Екінші үзенгілесімді — облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы жануарлар дүниесі және аншылық шаруашылығы бөлімінің басшысы Олжабек Холов.

— Қазақстан аумағында акбөкендердің Бетпақдала, Орал және Үстірт популяциялары таралған. Оның ішінде, Қызылорда, Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай, Ақмола облыстарының аумағында Бетпақдала популяциясы кеңінен кездеседі. Ғылыми ұйымдар жүргізген санақ жұмыстарының бытырғы қорытындысымен Бетпақдала популяциясы — 111500 бас, Орал популяциясы — 217000 бас, Үстірт популяциясы — 5900 бас, барлығы — 334400 бас болған. Елімізде киік 2018 жылмен салыстырғанда 55 процентке көбейген. Саны күрт азайып кетуіне байланысты Үкімет қаулысымен 2020 жылға дейін аулауға тыйым салынған. Мұнан соң Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті бұйрығына өзгерістер енгізіліп,

ғылыми ұйымдар тарапынан биологиялық негіздеме әзірленіп, ғылыми мақсаттарда пайдаланудан басқа еліміздің бүкіл аумағында киікті, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға 2023 жылға дейін тыйым салу мерзімі енгізілген, — дейді Олжабек Амантайұлы.

Бір қызығы акбөкен табынын, аналығы бастап жүреді екен. Аталық науқан біткеннен кейін табынға қосылмайды. Әсіресе, киік төлдейтін кезде жеке жиналып, бөлек кетеді.

— Киік мамыр айының 10-15-і аралығында жаппай төлдей бастайды. Осы кезде ауа райы бұзылып, міндетті түрде жауын-шашын болады. Қазақ оны «құралайдың салқыны» деп атаған. Киік әдетте егізден төлдейді. Алғашқы төлдеуінде ғана бір лақ туады. Құралайдың енесі басқа жануарлар сияқты лағының шаранасын жаппай аршырмайды, шарана жауынның суымен шайылып кетеді немесе жел қағып, кеуіп барып түседі. Жаңа туған лақ екі-үш сағаттан соң аяқтанып кетеді, ал туғанына екі күн болған құралайды машинамен қуып жете алмайсыз, — дейді инспектор Айбол Базарбайұлы.

Құдайдың құдіретіне шек бар ма, киік төлдейтін кезде оған табиғаттың өзі қарасатын көрінеді. Мәселен, ол төлдейтін кезде ғана түйтебабан аталатын өсімдік өседі екен. Киік лағын осы шөптің үстіне туады. Түйтебабан — жапырағы үлкен, алып өсімдік. Жаңа туған лақты осы шөптің астына жасырып кетеді. Лақ аяқтанып, өз-өзіне келгенде түйтебабан бірі қалмай сарғайып қурап, желмен ұшып кетеді.

Табиғаттың тағы бір тамашасы — киік төлдейтін уақытта оны қорек ететін тұз тағыларының тістері босап, сілекейлері қайтып, тәбеті болмайды. Ал, қарақұс жұмыртқа басады. Бұл да — акбөкеннің қасиетті жануар екендігінің тағы бір дәлелі.

— Лактардың қоныр бұйра терісі топырақтың түсімен бірдей болып көрінеді. Екі-үш метр жерден қарасаныз, төмпешік екен деп қаласыз. Мыңдаған жылдар бойы дала жыртқыштарынан, адамдардан қашып жүріп, жан сақтауға әбден бейімделген киіктің тағы бір ерекшелігі — ешқашан жетім қалған лактарын далаға тастамайды. Далада келе жатқан кез келген киік жолынан маңырап шыққан құралайды кездестіре қалса, жанына барып емізіп, өзімен ертіп кетеді, — дейді А.Базарбайұлы.

Әдетте табынды суат басына аналық киік бастап келеді. Қалғандары «команда» болмай суға беттемейді, алдымен бастап келген киік су ішеді, содан кейін қалғандары азан-қазан маңырап келіп, суға бас қояды. Текелері суатқа ең сонынан келеді. Сондай-ақ, Бетпақдаладағы акбөкендер өсімдіктің 81 түрімен қоректенеді.

Әңгіме қызығымен елсіз жазық далаға енгенімізді байқамай қалыппыз. Кең даладағы құстар дауысынан құлақ тұнады. Жасыл шөптер мен жайқала өскен түрлі өсімдіктер құлды алдыңнан кілем жайып тастағандай әсер қалдырады.

Далада ең көп кездесетін құстың бірі — қарақұс. Ұясы да үлкен болып келеді екен. Өзі түрлі құстарды, тіпті, түлкі, борсықты қорек қылады. Біз іздеп келе жатқан киіктің лағын қиналмай көтеріп алып кететін көрінеді.

Осыны айтқан жолбасшымыз қарақұс ұясының жанына тоқтады. Мынандай алып ұяны көргеніміз осы. Балапандары да ірі болады

екен. Жағымсыз дауыс шығарып, бізге қарай айбат шегеді. Ұядан өздері қорек қылған түрлі аң-құстың жүнін көруге болады. Арасында киік лағының да түбіттері жатыр.

Алғашқы күні көзімізге киік ілінбеді. Жолбасшымыз координаттарды шолып шықты. Есесіне, браконьерлердің ізі сайрап жатыр.

— Ең болмаса, төлдеп жатқан кезде тыныштық берсе болады ғой! — деді.



«Командир төбеде» жолбасшыларымыздың әріптестеріне, яғни, акбөкендерді қорғап жүрген инспекторларға жолықтық. Қас қарайып қалған болатын. Сапарластарымыз ақылдаса келе, осында тоқтап, қонып шығуды жөн деп шешті. Инспекторлардың бір тобы жер ошақ қазып, кешкі астың қамына кірісті.

БРАКОНЬЕРЛЕРДЕН АЙЛА АРТЫЛМАЙДЫ

Ертеңіне таң қылан берісімен қайтадан жолға шықтық. Тағы да бөтен көліктер ізіне тап болдық.

— Браконьерлерден айла артылмайды, — дейді инспектор Кейде инспекторларды адастыру үшін әдейі із салып кетеді. Бұрын ауылдағы қариялардан «браконьердің де браконьері болады. Лактар аяққа тұрып, жүріп кеткенше атуға шықпайды» дегенді естітінібіз. Қазір ондай адамдар жоқ, — дейді.

Браконьер үшін акбөкен — қып-қызыл ақша. Төлдеу маусымына, лактар әлі аяқтанбағанына қарамай қырып кетеді. Мәселен, 2-3 жыл бұрын киіктің 1 келі мүйізі 30-40 мың теңге болса, қазір 60-70 мыңнан 100 мыңға дейін жетеді. Екі текенің мүйізі 1 келіні құрайды. Олар бір шыққанда 1-2 келімен қайтапайтыны анық.

Киік атуға шыққандардың бар ойы — инспекторларға қалай да ұсталмау. Сол үшін барын, жанын салатын көрінеді. Тіпті, қару кезенуге дейін барады. Былтыр Қарағанды мен Қызылордада қаскөйлердің қолынан қаза тапқан атпалдай азаматтардың оқиғасы әлі күнге дейін есімізде.

Браконьерлер жалғыз көлікпен жүрмейді. Кем дегенде 3 көлікті алдын ала дайындайды. Кейбір бөлшектерін ауыстырып, біздің көліктер қуып жете алмайтындай етіп жарактандырады. Сосын үшеуі үш жакқа қашады. Біреуіне қуып жетсең, онда қару, киік секілді айғақ заттар болмай шығалы. Кейде бой тасалап үлгереді. Олардың біреуі міндетті түрде қуып жетуіне жағдай жасайды, — дейді кейіпкеріміз.

Олар киіктерді атқанмен бірден алмайды. Бауыздайды да, ішек-қарынан арылтып, сол жерге тастап кетеді. Акбөкеннің денесі мұздаған соң, көлікке кірпіш секілді қалап жинауға оңай болады. Инспекторлар браконьерді ұстағанда осыны анықтайған. Қаскөйлер киік табылғанша апталап, тіпті, айлап дала кезеді. Көзіне киік іліксе болды, аямайды. Қуып жүріп, шөптің арасындағы лактарды басып, жанышып кете береді. Буаз ешкілерді қуып жүріп атады.

Акбөкен Қызылорда облысының аумағын тек төлдеу маусымы кезінде мекендейді. Сосын топталып Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарының территориясына өтіп кетеді. Қыста жайылым үшін кері келеді.

Браконьерлердің тағы бір жауыздығы — акбөкендер басқа облыстарға бет бұрып, атарға киік таппай қалған кезде даладағы малшылардың жылқыларын атып, пайда қылады екен. Қарағанды облысында қорықшы Ерлан Нұрғалиевті өлтірген қаскөйлердің өмір бойына бас бостандығынан айрылуына осындай жағдайлар да себеп болған көрінеді.

— Олар бір-бірімен тығыз байланыста. Бір үйдің баласы секілді. Инспекторлардың көлігін көрсе болды, бет алған бағыттарын айтып, бір-бірілеріне хабарлап отырады. Соңғы кездері Қарағанды, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарында ұсталып жатқан браконьерлердің барлығы — Қызылорда облысының тұрғындары. Өте өкінішті және қынжылтатын жағдай, — дейді жолбасқаушылар.

Қантар, наурыз айларында біздің облысымызда акбөкенге қатысты 3 браконьерлік дерек анықталып, 2 іс бойынша полиция органдары сотқа дейінгі тергеу амалдарын жүргізуде. Бір іс бойынша сот процесі өтіп жатыр. 11 сәуір күні «Охотзопром» ӨБ» жедел тобының инспекторлары 54 бас киік және 224 дана киік мүйізі салынған «Тойота Ланд Крузер» автокөлігін анықтады. Сотқа дейінгі тергеу амалдары басталды. Ал, былтыр тіркелген

9 дерек бойынша сот үкімімен кінәлі деп танылған 16 азаматқа бас бостандығын шектеу жазасы қолданылды. Келтірілген 95 млн теңгеден аса шығынды мемлекет пайдасына өндіруге үкім етілді. Сондай-ақ, сот үкімімен 2 «Тойота Ланд Крузер», 1 «Митсубиси Паджеро», 1 УАЗ автокөлігі, 2 мотоциклі құралы және 7 аңшы қаруы мемлекет пайдасына тәркіленді.

Елімізде 3 қорықшының өлімінен кейін қолданыстағы заң қайта қаралып, біршама қатандатылған. Акбөкен атқаны үшін қолданылатын әкімшілік жауапкершілік қылмыстық жауапкершілікке өзгеріпті. Бас бостандығынан шектеу бас бостандығынан айыруға ауыстырылыпты.

Қылмыстық кодексте аңшылықпен айналысу құқығынан 2-5 жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, мүлкі тәркіленіп, 1,5 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге, ал, аса ірі залал келтіргені, қызмет бабын пайдаланғаны үшін 12 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қаралған. Енді мемлекетке келтірілген залал күшейтілген тәртіпте өндірілетін болады. Мысалы, 1 бас акбөкен серкесі үшін 500 АЕК, яғни, бір бас акбөкеннің жалпы шығыны 6 млн 250 мың 500 теңгені, аналығы мен төлі 350 АЕК немесе 4 млн 375 мың 350 теңгені құрайды.

«ЕЛЕНДЕП ЖАС БАЛАША ЖАУТАНДАЙДЫ»

— Мына құс «безгелдек» деп аталады, — деді инспектор көлігін кілт тежеп, — Безгелдек бар жерде міндетті түрде киік болады.

Айтып ауыз жиганша болған жоқ, алдымыздан киік көрінді. Фотоаппаратымызды даланың еркесіне бағыттап, түсіруді бастап та кеттік. Жакын жерде жүргенімен, көлікке жеткізер емес. Тек алысты жақындатытын объектив арқылы түсірдік.

Тағы біраз жүргеннен кейін екінші киік көзге ілінді. Жылдамдықты арттырып, жанына жақын қалғанда оның буаз екендігі байқалды.

— Өрі қарай қуға болмайды. Өзіне де, лағына да обал, — деген жолбасшымыз көлігін басқа жакқа бұрды.

Арада біраз уақыт өткенде алдымыздан кезіккен секемшіл жануарлар 2-3 топқа бөлініп, қара жердің шаңын бұрқырата қаша жөнелді. Қашқандары да қызық. Жүгіріп бара жатып, қас пен көздің арасында бағыттарын әлденеше рет өзгертіп үлгерді. Суретке түсіріп алған соң одан әрі жылжыдық. Біраз уақыттан кейін лактарын ерткен киіктер көрінді. Көк шөптің үстінде, қап-қар көздері мөлдіреп, екі танауы желбіреген, қас балаша елендеп, жаутандай қараған қос лакты көрдік.

БҮГІНГІ КҮННІҢ БАТІНГІ БАТІНГІ

Біз осы сапарымызда инспектор болу оңай еместігіне көз жеткіздік. Үш күніміз 3 жылға татыды. Ал, олар осылай дала кезіп 15 күн бойы жүреді. Отбасы, бала-шағасынан жырақта. Қас қарайған сәтте кез келген жерге түней салады. Талай рет жанбыр мен қардың астында қалған. Көліктері бұзылып, азық-түліктері таусылып, 2-3 күн бойы аш жүрген.

Былтыр желтоқсан айында көлігі бұзылған қызылордалық екі инспектор далада үсіп кеткен. Кейіпкеріміз Айбол Айдарбековтің өзі де бірнеше рет 200 шақырымды жаяу жүріп келген.

2019 жыл — біздің инспекторлар үшін өте қиын жыл болды. Бір ғана Қызылордада үш бірдей әріптесімізден, арыстан азаматтардан қапыда айрылып қалдық. Шынын айтқанда, жағдайымыз енді-енді жақсарып келе жатыр, — деп мұңайды кейіпкеріміз.

Бүгінгі басты мәселе — жалақының аздығы. Бұл — бүркеме-леуге келмейтін ақиқат. Инспекторлардың қазасынан кейін көңіл бөліне бастады. Қызметтік қару мен көлік, бронжилет берілді. Бұрын автокөлікке қосымша бөлшектерін өз қалтасынан сатып алатын еді. Қазір оған арнайы қаржы бөлініп жатыр.

— Біздің инспекторлар — жан-жақты, әмбебап, ержүрек жігіттер. Олар бір мезгілде көлік жөндейтін механик те бола алады. Артында аспазышқа айналып шыға келеді. Бұл қызмет төзімділікті талап етеді. Инспектор болатын адам жолды жатқа білуі, адасып кеткенде жер танып, бағытты анықтай алуы қажет. Әр 15 күн сайын бір топтан шығып отырамыз. Бір топта 6-7 инспектор бар. Топтың басшысы, яғни, аға инспектор болады. Ол кез келген қиын жағдайда инспекторлардың өмір қауіпсіздігін бірінші орынға қоя отырып әрекет етуі керек. Браконьерді ұстаумен жұмыс бітпейді. Оларға қылмыстық іс қозғалып, міндетті түрде сотқа дәлелденуі қажет, — дейді А.Айдарбеков.

Осыдан-ақ, киікті күндіз-түні қорғап жүрген инспекторлар — бүгінгі күннің батырлары екеніне тағы бір мәрте көзіміз жете түсті.

Нұрсұлтан МЫҚТЫБАЙ, журналист.
Суреттерді түсірген **Нұрболат НҮРЖАУБАЙ.**



ҚАРАТАУДЫҢ ҚОЙНАУЫ

Қазақстанның Тұңғыш Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында киелі жерлерді сақтау мен жаңғыртуға ерекше мән берілген.

Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы».

Мұндай тарихи орындар 400 шақырымға созылып жатқан Қаратау қойнауында өте көп. Ғалымдар тасқа қашалып салынған суреттер қола дәуірі мен орта ғасыр аралығында бейнеленген деп жорамал жасап жүр. Археологтар зерттеуге алған тастағы таңдалы суреттер қазір мыңнан асады.

Жанакорған ауданының қазіргі Талап ауылының тұсында да осындай киелі орындар бар. Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданының Қызылорда облысымен шектесетін аймақтарында да ондай орындар жетерлік. Ғалымдардың айтуынша, шимайлы тастар тік, қия және ірілі-ұсақты қой тастарда бедерленген. Көшпелі тайпалар өзінің өмір сүру дәстүрі жайлы кейінгі ұрпаққа аманат еткен секілді. Салт-сана, діни түсініктер, ырымдар және әдет-ғұрып қашап салынған көне туындыларда өз бейнесін тапқан. Аңшылық өнерді де сурет арқылы жеткізгісі келген екен. Қола дәуірінде қашалған тастарда соғыс арбалары көптеп кездеседі. Жергілікті халықтың ежелгі рухани өмірін айшықтайтын ерекше мәдени ескерткіштер біздің халқымыздың тамыры тереңде жатқанын, біздің де өзге жұрт секілді тарихымыз қаншама дәуірлерге созылатынын айғақ етеді.

Жанакорған ауданы тұсындағы Қатынқамал үңгірі жайында көпшілік жақсы біледі. Бұл жер — тарихи орын. Жаугершілікте қалың елге пана болды. Алайда, оның құпиясы әлі ашылған жоқ. Үңгір қалай пайда болды екен? Ел айтатын ефсана түрліше сөйлейді. Ғылым тілімен дейік жоқ. Қазірге дейін Қаратау қойнауында жатқан 50-ге жуық қамал бар екен. Көбісі әлі зерттеле қоймапты. Киелі қоныста ел-жұрттың аузында жүрген талай жерлер әлі де құпиясын ішіне бүгіп жатыр.

Ескінің әңгімесін жақсы білетін бір ағамыз бірде маған:

— Тастускен деген жерді білесің бе? — деп сұрады. Елен ете қалдым. Бұрын-соңды естімеген екенмін. Басымды шайқауға тура келді.

— Ол қай жерде? — Ол жер Қаратауда орын тепкен. Әрине, елдің көзі онша түсе бермейді. Оған бару жаяу жолаушыға оңай тимейді. Жастау кезімде сол жерге болған едім. Жаратылыстың құдіретіне шек болмайсың. Кәдімгідер тас түскендей көрініс береді. Сондай-ақ, үлкендерден Күйгентаз деген жерді де естігенмін. Атынан-ақ көрініп тұр, тау тастары өртенген секілді қарақошқыл болып тұрады. Бұдан басқа да осындай жерлер бар. Алайда, бұл жерлер әлі де түбегейлі зерттеліп жатқан жоқ.

Табиғаттың тамашасына көз салғыңыз келсе, Қаратаудың баурайына барсаңыз, келбеті көркем көптеген көрікті жерлерді көріп, көңіліңіз көтеріліп қайтады. Жаратылыстың сұлулығы мұнда да жетіп жатыр. Оны қолмен қашап жасаған мүсіншінің туындысы дерсіз. Алайда, оның барлығы — он сегіз мың ғаламың тол туындысы. Беткейінің топырағы да басқаша, қоныр және қызғылт қоныр түсті, келген адамның көзіне ол бірден түседі. Сан алуан өсімдіктер де таудың келбетіне шырай қоса түседі.

Көктем мезгілінде таудың етегі қызылды-жасылды қалы кілемдей жайнап кетеді. Қырдың қызғалдағы, сарғалдағы және өзге гүлдер көздің жауын алады. Құдды бір Иран бағын аралап жүргендей әдемі күйге бөленесің. Әсіресе, қызғалдақты айтсаныңыз. Айтпақшы, қазір әлемде гүл бизнесімен өркенін жайған Голландия оның түпкі отаны — Қазақстан екенін жоққа шығарып отырған жоқ.

1246 жылы итальян жиһанкезі Плато Карпини Қаракорымға сапарға шыққан екен. Жолай Қаратаудың етегі арқылы жүрген. Жергілікті жердегі сұлу табиғатқа тәнті болған ол қазақ даласының керемет көрінісі аз емес екеніне еріксіз бас шайқаған. Көктем мезгілі болғандықтан, Қаратау етегі де алуан түске боялып, өзіне еріксіз баурап тұрған шағы екен. Жиһанкез қызғалдаққа көз салып, жанында жүрген қосшыларына «Не деген әсем гүл!» деп таңданысын білдіріпті. Оның тұқымын өзімен бірге ала кеткен көрінеді.

Бұл бізге ой саларлық дүние. Біз әлі күнге дейін қазақ жерінің қымбат қазынасын тани алмай келеміз. Өкініштісі, қазір қызғалдақ дегенде Голландия елі ойға орала береді...

Қаратауды мекен еткен аң мен құс көп-ақ. Кезіндегі салқын көзқарас олардың кейбірінің тұқымын тұздай құрта жаздағаны рас. Солардың бірі — арқар. Ол мүйізі күнмен шағылысып, саят құрған пенделге өзінің сұлулығын паш ете түседі. Ғалымдар оның негізгі шыққан жері — Қаратау деп айдай әлемге жар салып жүр. Балкім, солай да шығар. Қаратау арқары тек осы жерді ғана мекен етеді. Жарықтық жануар өзге өңірді өз қонысы секілді көре алмайды екен. Таулы аймақтың жазықтау жерінде жүретін аң олай-бұлай көшіп жүргенді қалай бермейді. Ұшқан құс пен жүгірген жануарды есепке алатын ғалымдар оның саны кеміп бара жатқанын айтып, дабыл қағып жүр. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында таудың баурайында бар-жоғы 150-250 арқар көзге ұшырасқанға ұқсайды. Қазір одан екі есеге азайып кеткен.

Ғалымдар Қаратаудың қойнауы қазба байлыққа толы дейді. Бұл сөздің жаны бар. Қорғасын мен мырыш, фосфор секілді қат дүниелер қоры жетерлік мұнда. Кейбірі өндіріліп те жатыр, енді біріне түрен тие қойған жоқ...

● ҰЛЫҚ ҰЛЫС – 750

Теңіздей тарихтың тамшыдай бір дерегі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұлытау-2019» халықаралық туристік форумында сөз сөйлеп, қасиетті топырақтың терең сырына назар аударды. «...Ұлытау ауданы орталығында Қазақ хандарының аллесы бой көтерді. Енді еліміздің осындай баға жетпес бай мұрасын өзге жұртқа танытудың жаңаша жолдарын ойластыруымыз керек. Мысалы, Монғолия Шыңғыс хан тұлғасын халықаралық туризмді дамыту үшін өте тиімді пайдаланып отыр» деген еді ол. Осы орайда, Президент ұлы ханның үлкен ұлы – Жошы мазары қазақ жерінде тұрғанын өз еліміздегі де, шетелдегі де жұртшылықтың көбі біле бермейтінін жеткізді. Алтын Орда негізін қалаушы Жошы ханға құрмет көрсетіліп, бүкіл әлем назарын осындай тарихи тұлғаға аудару және оның кесенесін мәдени туризм нысанына айналдыру қажеттігін айтты.

Сб Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы».

Сондай-ақ, Президент 1269 жылы Талас құрылтайында дербестігі толық мойындалған Алтын Орда (Жошы ұлысы, Ұлық ұлыс) империясының 750 жылдық мерейтойын мерекелеу туралы да мәлімдеген болатын.

Ал, енді Атын Орда аталатын бұл тарихтың қазақпен байланысы қандай? Осы сұраққа жауап іздейік.

Қазіргі күнтізбе есептеуімен осыдан 750 жыл бұрын Талас өзені бойында Шағатай, Үгедей мен Жошы әулетінің ханзада-бектері жиналып, ұлы құрылтай өткізген. Тарихқа ол «Талас құрылтайы» деген атпен белгілі. Оған Үгедейдің немересі Қайду, Жошы ұрпақтары Беркечар мен Мөңке Темір, Шағатай ұлысынан Барақ қатысады. Құрылтайда үш ұлыстың шекарасы айқындалады. Шыңғыс хан құрған ұлы империя ыдырап, оның орнына дербес үш мемлекет – Жошы ұлысы, Шағатай ұлысы және Моғолстан бой көтереді.

Құрылтайдан кейін Жошы ұлысының әміршісі Мөңке Темір өзін хан деп тап, өз атынан теңге бас-тырады. Осылайша Талас құрылтайы Алтын Орданың ресми түрде бөлек мемлекет болып қалыптасуына негіз қалайды.

Шыңғыс хан қайтыс болар алдында өз иелігіндегі жерлерді төрт ұлына бөліп берген. Жошының үлкен ұлдары Бату мен Орда-Еженнің еншісіне моңғол иеліктерінің қиыр батысында жатқан оңтүстік Ресей мен Қазақстанның жерлері тиеді. Бату Алтын Орданы билесе, Орда-Ежен Ақ Орданы басқарады. 1235 жылы Бату қолбасшы Сүбедей баһадүрдің көмегімен батысқа қарай жаңа жорық бастап, алдымен башқұрттарды, бір жылдан кейін Еділ Бұлғариясын жаулап алады. 1237 жылы Украинаның оңтүстік дала-сын бағындырып, ондағы құмандарды батысқа қарай ығыстырады. Содан кейін Руське басып кіреді.

Сөйтіп, үш жыл бойы орыс князьдықтарын жаулаумен болады. Бату құмандардың батысқа қашып,

Мажарстан королінің жерін паналап отырғанын желеу етіп, Шайбан, Орда-Ежен, Байдар және Мөңке сияқты Шыңғыс әулеті және өз бауырларымен бірге батысқа жорық жасайды. Өздеріне қарсы тұрған неміс-поляк рыцарларынан жиналған әскерді талқан-дайды. Бірақ Үгедей ханның қайтыс болғанын естіп, енді ғана қоршап-қамай бастаған Венаны тастап, елге қайтып кетеді. Моңғол әскерінің батыс бағытындағы жорығы осымен тоқтайды. Бату 1242 жылы Мажарстан ар-қылы қайтып, жолшыбай Пешт қаласын, Болгарияны бағындырады.

Алтын Орда астанасы Сарай-Бату, ал кейінірек Сарай-Берке қаласы бол-ған. Түрік деректерінде Бату ханның әскерлері «қыпшақтар» деп аталды. Себебі ұлан-ғайыр өлкеде орналасқан мемлекет хал-қының басым бөлігі түркі-тілдес қыпшақтар болатын. Мемлекеттің басты саяси-мәдени тілі – қыпшақ тілі деп белгіленген. Алтын Орда мемлекеті тарихи әдебиетте «Қыпшақ ұлысы» деп те аталады. Оның орналасқан аумағы қазіргі Ресей, Украина, Молдова, Қазақстан және Кавказ жеріне дейін созылып жатқан.

Алтын Орда өзінің ша-рықтау дәуірінде Шы-ғыс Еуропаның Орал тау-ларынан Днепр өзенінің оң жақ жағалауына дейінгі жерлерді алып, Сібірге терең бойлай енген. Оңтүс-тігінде Орданың жері Қара теңізбен, Кавказ тау-ларымен және моңғол Хулагу мемлекетінің қол астындағы Персиямен шек-тескен. Алтын Орда Өзбек пен Жәнібек хандар тұсында едәуір көтеріледі. Мәселен, Өзбек ханның кезінде мұсылман діні мемлекеттік дін болып жарияланады. Алғашқыда көне ұйғыр жазуы негізгі жазу болып қалыптасса, кейіннен ислам діні ықпалының күшеюіне байланысты араб жазуы да қатар қолданылған. XIV ғасырдың екінші жартысы Алтын Орданың тәуелсіз иеліктерге бөлінген кезі.

Тоқтамыс ханның Алтын Ордадағы билігін соғыстағы

жеңістермен бекіте түс-пек болып, 1382 жылы Мәскеуді өртеген оқиғасы да тарихта қалды. Ақсақ Темірдің басқыншылық жоспарларына солтүстік-батыста орналасқан Алтын Орда кедергі жасаған. Сондықтан Темір оларға қарсы өз жорықтарын бас-тайды. Әмір Темір мен Тоқтамыс хан арасындағы шешуші шайқас 1395 жылы болады. Тарихтағы Сыпыра жыраудың жарқырай көрі-нетін тұстары да осы кезең. Жасында Тоқым хан аталған Тоқтамысқа қарата айтылған:

«...Он екі тұтам оқ атқан, Одан соңғы ер Шыңғыс. Оны көрген көрімін. Мұнарасы қырық құлаш, Өзден сұлтан Жәнібек, Оны көрген көрімін. Ұлы бабам Домбауыл, Соны көрген көрімін. Жүз сексенге келгенде, Сонша хандар өткенде. Жас та болсаң,

Тоқым хан, Сені көрген көрімін, – дейтін толғау көбімізге таныс.

Әмір Темір Алтын Ордаға жойқын соққы жасап, астанасын қира-тып, Қырым сауда қала-ларын тонап, ең шебер кол-өнершілерін өз астанасы Самарқандқа айдап әкетеді. 1440 жылдары Ордада тағы бір азамат соғысы тұтанады. Осыдан кейін ол бірнеше хандыққа бөлшектеніп кетеді. Олар – Қасым хан-дығы, Қазан хандығы, Астрахан хандығы, Қазақ хандығы, Өзбек хандығы және Қырым хандығы болатын.

Ресейлік антрополог Л.Яблонский отыз жыл бойы Алтын Орда көшпен-ділерінің басуыегін, қан-қасын зерттей келе, орта-ғасырлық бұл жасампаз жұрттың бет-пішініне, қа-зіргі халықтардың ішінде пошымы жағынан тек казактар қатты ұқсайды деген қорытынды жаса-ған. Сондай-ақ, палеоге-нетикалық зерттемелер нәтижесі Алтын Орда ари-стократтарына гендік, қан-дық тұрғыдан казактар ғана жакын деген шешім шығарыпты.

Біз, әрине, теңіздей тарихтың тамшыдай бір дерегін ғана тізіп отырмыз. Негізі тарихта Ақ Орда Алтын Орда атаулы қатар жүреді. Ақ Орданың астанасы Сығанақ еді, оның билігіне 1379 жылы Тоқтамыс ие болады. Келер жылы ол Сарайды, Қажы-Тарханды, яғни, Ас-траханды, Қырымды және Алтын Орданы алады. Бұл жөнінде жоғарыда айтып өттік.

Айналып келгенде, сөздің анығы 1227-1502 жылдар аралығында, үш жүз жылға жуық салтанат құрған сәулетті қағанат Алтын Орда тарих көшінде Қазақ хандығының билігіне ұласа отырып, табиғи-тарихи тұрғыда мұрагерлік құқығын иемденген.

Айтулы тұлға ретінде есімізде қалады

Сыр өңірінде мал шаруа-шылығын дамыту мақсатында өткен ғасырдың 60-80 жыл-дары көптеген ұжымдық шаруа-шылықтар жаңадан бой көтерді. Сарысу өңірінде, Қарақұмда 2 мыңнан астам скважина, 4 мыңнан астам шахталық құдық қазылды. Жаңадан шанырақ көтерген шаруашылықтарда тұрғын үйлер салынды, балабақшалар, басқа да әлеуметтік нысандар пайдалануға берілді. 1970-1980 жылдары өңірде суландыру мақсатына, нақты айтқанда су құрылыстарына 420 млн рубль бөлінді. Бұл Сырдың егіншілік, сонымен бірге мал шаруашылығы саласындағы дамудың ең жоғарғы шыңы болды. Осы қыруар жұмыстарды жемісті, тиімді атқаруда Виктор Степановичтің ұйымдастыру қабілеті жоғары деңгейден көрінді. Сол кездің деректеріне көз жүгіртсем, об-лыста 32 шаруашылық қой өсіріп, ет, жүн, қаракөл елтірісін өндіріп, солардың көл-көсір табысымен өмір сүріпті. Бұл жылдары әр жүз саулықтан 105-тен қозы өргізіп, республика бойынша өңір жақсы көрсеткішті қамтамасыз етті. Облыста қой 22 мың басқа жетті. Көптеген шопандар қаракөл қойы үшін рекордтық деңгейге қол жеткізді. Осының барлығы шаруашылықтарды ин-тенсивтендіру және материал-дық-техникалық базаны нығайту есебінен жүзеге асырылды.

«Су – өмір» деген аталы сөз бұрыннан өзінің мән-мағынасын жоғалтпай келеді. Сол жылда-ры біздің алтын қорымыз болып табылатын суармалы жерлерді пайдаланудың тиімділігін арты-руу нәтижесінде су жолдары, ірі коллекторлар мен қашыртқылар салынды. Оларды кешегі күнге

1-бет.

дейін пайдалану нәтижесінде егіншіліктен мол өнім алынды. Айдыңды теңізімізден айыры-лып, көңіл жүдеу тартып, Сыр өңірі экологиялық апат аймағы болып жарияланған кезден бас-тап суармалы егіншіліктің мәні бұрынғыдан да арта түсті. Өйткені Жер-Ана бүлінді, сор-таңдана бастады. Халықтың са-палы ауызсуға деген сұранысы артты. Арал және Қазалы аудан-дарының халқын сапалы ауыз-сумен қамтамасыз ету мақ-сатында «Арал-Сарбұлақ» су құбыры іске қосылды. Оның іске қосылу сәтіне Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қатысты. Осылайша 2005 жылы Арал қаласында халық алдында рес-ми тұсаукесері өтті. Бұл орайда біз кезінде салада қыруар жұмыс атқарып, «Қызылордамелиора-ция» бірлестігін, кейін «Арна» акционерлік қоғамын басқарған В.Морозовтың еңбегін айрықша құрметпен атаймыз.

Сонымен қатар В.С.Морозов 2001 жылы Арал теңізінің кепкен табанындағы орта ғасырларда пайда болған қаланың ор-нын бірінші болып көрді. Осы ақпарат ғалымдардың назарына ұсынылып, 2001 жылы Қорқыт ата университеті ғалымдары аймақта археологиялық экспе-диция ұйымдастырып, теңіздің кепкен табанында екі ірі орта-ғасырлық Кердері-1, Кердері-2, мавзолейлердің болғанын, олар-дың Алтын Орда дәуірінде салынғанын ғылыми негіздеп XIV-XV ғасырларда қала мәде-ниетінің қалыптасқанын ғылыми айналымға енгізді.

Уақыт өте келе осы тари-хи қазбалар Кедері-1, Кедері-2 мавзолейлері еліміздің тарихи-мәдени ескерткіштерінің тізіміне енгізілді. Қорқыт ата университеті жанынан Археология және эт-

нология ғылыми-зерттеу орта-лығы құрылып, жас археолог-ғалымдар Сыр өңірінде өздерінің ізденістерін жалғастырып келеді. Олар Ресейдің Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы этнология және антропология институтымен және Германияның Тюбинген университетімен бірлесіп, өңі-ріміздің тарихи ескерткіштеріне ғылыми-зерттеулер жүргізуде. Бүгінде өңірімізде археолог ға-лымдардың әлеуеті жетіліп, қалыптасып, халықаралық ғылы-ми жобаларды орындауда.

Облыстың су құрылысы өндірістік жағынан өркендеп қоймай, салаәлеуметтік бағыттағы игілікті шараларға ұдайы көңіл бөліп отырды. Қызылордалықтар әлеуметтік шаралардың ұйытқы-сына айналған, бүгінде «Шұғыла» шағын ауданында жұмыс істеп тұрған «Мелиоратор» сарайын жақсы біледі. Аталған мәдениет үйі өткен ғасырдың 80-жыл-дары В.С.Морозов басқарған бірлестіктің күшімен салынды. Ол кейін қызылордалықтардың мәдени-көпшілік сипатындағы сүйікті демалыс орнына айналды.

Білікті құрылысшы, шебер ұйымдастырушы, айтулы аза-мат Виктор Степанович Моро-зов еңбек демалысына шықса да, өзі өмірінің негізгі кезеңі өткен Қызылорданың өсіп-өркендеуіне жанашырлық танытып, келелі ойларын, ұсыныстарын атқа-рушы билікке, қоғамдық орын-дарға жеткізіп отырды. Сыр өңірі орталығының қарыштап дамығанын, өркеніет үлгісіне айналғанын өз көзімен көрді. Қатардағы механиктен ірі құрылыс бірлестігі басшысы деңгейіне дейін көтерілген бі-лікті маман, айтулы азамат ретіндегі оның бейнесі Сыр жұртшылығының есінде мәңгі сақталады.

Еңбегі ұмытылмайды

Сыр өңірінің, оның ішінде ауыл шаруашылығының өсіп-өркендеуіне үлкен үлес қосқан байыпты басшы, шебер ұйымдастырушы, ауыл азамат Виктор Степа-нович Морозов 79 жасында өмірден озды. Ол кезінде бірнеше мәрте аудандық, облыстық кеңес депутаты болып сайланды.

Қызылорда облысы суар-малы егіншілікпен күн көріп отырған Сырдария өзенінің төменгі жағына орналасқаны баршамызға мәлім. Қазақстан Орталық партия комитеті облыстың басшы-лығына білікті су мамандарын жіберіп отырды. 1960 жылдар-дан бастап облыстық су, ауыл шаруашылығын өркендету мақ-сатында мемлекет және қоғам қайраткерлері – Мұстақым Ыксанов, Исатай Әдікөрімов, Әбубәкір Тыныбаев, Шаймер-ден Бәкіров Қызылорда солжаға массивін игерудің ұйытқысы болды. Жас кадрлар жауапты қызметтерге тартыла бастады.

Соның бірі Украинаның Ме-литополь ауыл шаруашылығын механикаландыру институты-ның түлегі Виктор Степанович Морозов еді. Ол жолдамамен Қызылорда облысына келіп, еңбек жолын Қармақшы ауданы №30 ПМК-да бөлімше механигі болып бастады.

Біздің алғашқы таныстығымыз 1972 жылы Қазалы ауданында ол ПМК-16-ға басшы болып кел-ген кезден басталды, кейін осы мекеменің негізінде ашылған «Казалинскводстрой» тресінде басқарушы болып жұмысын жалғастырды.

Мен ол кезде Қазалы аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында бас құрылыс инженері болып қызмет істей-тінім. Аудандағы күріш егетін шаруашылықтарға гидроқұры-лыс, каналдар қазу сияқты жұмыстарға тапсырыс беріп, келісім-шартқа отыратынымын. Осылайша Виктормен таныс-тығымыз еңбек алаңында бастал-ды.

1974 жылы облыстық партия комитетінің екінші хатшысы бо-



лып келген Сұлтан Момынұлы Сәрсенбаев Қазақстан Су шаруашылығы министрі бо-лып қызмет істеген бұл салада тәжірибесі мол, білікті басшы бо-латын.

Ол келген күннен бастап облыстағы ауыл, су шаруа-шылығының басшылары: Айсә Махамбетов, Ержігіт Бозғұлов, Виктор Морозов, Сабыр Арыстан-баев, Константин Маймин, Омар Әзхожаев, Әскербек Мақұлбеков, Айтбай Көшербаевтармен бір-лесіп жұмыс істеді.

Менің де, 1975 жылдан бастап облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына бастықтың құ-рылыс жөніндегі орынбасары қызметіне келген кезім болатын. Құрылысқа күрделі қаржы Ауыл шаруашылығы министрлігінен бөлініп отырды. Оны орындауға облыстағы 10 трест және жоба-лау институттарымен келісім-шартқа отырып жұмыс істеу негізгі міндетім еді. Осы кездері

Виктор Степановичпен облыстың мүддесі үшін, қаулы-қарарлар, депутаттық сауалдарды орын-дау үшін қойын-қолтық жұмыс істеуге тура келді.

Ол Қазалы ауданынан «Қы-зылордаводстрой» тресіне басшы болып келді, кейін «Қызылорда-мелиорация» бірлестігін бас-қарды.

Оның басшылығымен бір-неше совхозда жер тегістеліп инженерлік жүйеге келді, гидро-құрылыстар салынды, тұрғын үй, мектеп, балалар бақшасы, мал бордақылау алаңдары және көптеген өндірістік құрылыстар бой көтерді. Ең бастысы, облыстағы инженерлік жүйеге келтірілген 240 мың гектар күріш егуге бейімделген жердің бітуіне қосқан үлесі, қолтаңбасы бар.

1990 жылы облыстық пар-тия комитетінің бірінші хат-шысы Сейілбек Шаухаманов ағамыз Мәскеу қаласына КСРО Су шаруашылығы және мели-орация министрлігіне Виктор Степановичті және мені топтық су құбырларын (групповой во-допровод) жоспарға енгізуді қорғауға жіберді.

Ұсыныс аталған министр-лікте қаралып жобаға енді, қазіргі салынған және салынып жатқан топтық су құбырларының та-рихы сол кезде басталғанын оқырмандардың білгені абзал.

1976 жылы 23 наурызда об-лыстық партия және атқару комитетінің қаулысымен 28 қой совхозында әрқайсысы 5000 бас қой бордақылайтын алаң салу туралы тапсырма болды. Осы аталған құрылыстың саалуда да Вик-тор Степановичтің еңбегі зор еді.

Кезінде облыстың экономи-касын көтеруге шын ынтасымен аталысқан аяулы азамат Виктор Степанович Морозовтың еңбек-терін еске алуды азаматтық боры-шым деп есептеймін.

Нұрлыбай ҰЛЫҚБАҢҰЛЫ, Қазақстанның Құрметті құрылысшысы, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы ардагерлер кесенінің төрағасы.



Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ве-домстводан тыс сараптау» шаруашылығы жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының («Мемсараптама» РМҚ) ұжымы «Мемсараптама» РМҚ-нің Батыс өңірі бойынша филиалының директоры Мынбаев Қанат Тұрсын-байұлына анасы

Исабекқызы Патиманың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақ-тасып, көңіл айтады.

Облыс әкімі аппаратының «Қоғамдық ке-лісім» КММ ұжымы Қазақстанның Еңбек сі-ңірген қайраткері Ержан Уәйіске ағасы, Отырар ауданының құрметті азаматы, Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының түлегі **Нұртаза Уәйісовтің**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақ-тасып, көңіл айтады.

«Қазсушар» РМҚ Қызылорда филиалының ұжымы жобалау-іздістіру бөлімінің жобаны дайындау тобының жетекшісі Кеншінбай Бердімұратовқа әкесі

Досмырза Бердімұратовтың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақ-тасып, көңіл айтады.



Қолдау бар, тек еңбектену керек

Мемлекет тарапынан ауыл-аймақта тұратын көпбалалы аналарға жеке кәсіп бастауға қолдау бар. Қайтарымсыз грант, жеңілдетілген несие қарастырылған. Білім алып, кәсіптік сауаттылығын арттыра алады. Бұл жағдай ауылдағы ағайынды қуантып тастады. Іске талпынған әйелдер үшін мұндай мүмкіндіктер отбасының табысын еселеп, аналардың үйде отырып-ақ жұмыс жасауына жол ашты.

Сb Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы».

Қаржылай қолдаудың игілігін көргендердің бірі – Шолпан Калиева. Ол Жа-лағаш ауданы Шәменов ауылында тұрады. Көпбалалы ана «Алтын алқа» иегері. 8 ұл-қызын тәрбиелеп отырған батыр ана 2001 жылы ауылдан азық-түлік дүкенін ашып, кәсіп бастаған Шолпан шаруасы ілгерілеп, ісі оңалған соң, мал шаруашылығына бет бұрды. Кәсібін дөңгеленту үшін мемлекеттік бағдарламаға қатысты. 2015 жылы «Құлан» бағдарламасы бойынша 9 процентпен 10 млн теңге несие алды. Бұл қаржыға жергілікті жерден 36 бас жылқы сатып алынды. Қора-жайын ретке келтіріп, камбар ата тұқымын көбейтті. Жылқылардың басым бөлігі жайылымда, үйірге қосылған. Үйде сауылатын биелер бапталады. Шолпан аптасына бір рет тоғай ара-

қазір жем-шөбін дайындауға кіріскелі отыр. «Мал баққанға бітеді» деп бекер айтылмаған. Ол тынымсыз еңбектің арқасында тындырымды шаруа атқарды. Балалары да анасына қолғабыс етеді. Берекелі ісі жемісті болғанына көпбалалы ана дән риза. Үй шаруасы мен кәсібін қатар жүргізген Шолпанның әрекеті ауыл тұрғындарына үлгі. Шаруа ендігі жерде мал азығы өндірісін іске асырып, шығын көлемін азайтпақ. Жыл сайын құлындарын жергілікті шаруаларға сатады. Түскен қаржысына кем-кетігін түгендейді.

– Ниет болса, екі қолға бір күрек қашан да табылады. Қазір қол қусырып қарап отыруға болмайды. Балаларымды жеткізу үшін кәсіп бастауыма тура келді. Мемлекет тарапынан көпбалалы аналарға өз ісін



лап, малын түгендеп келеді. Шаруашылығын дамытуды көздеген ол уақыт өте келе тағы да мемлекеттің қолдауына жүгінді. Ондағы ойы – мал басын еселеу. Осы мақсатта 2017 жылы «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы аясында Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығынан 6 процентпен 4 млн теңге несие алып, ісін ширатты. Қыстың қамын жаз ойлайтын ол

жүргізуге мүмкіндік берді. Қамқорлық танытып, қолдау көрсетті. Соның арқасында төменгі процентпен несие алып, шаруашылық құрдым. Шаруамызды осы тірліктен бастаған соң, атакәсіпке адал болуға әркез талпынып келемін, – дейді кәсіпкер.

Мемлекеттік қолдаудың арқасында ешкімге алақан жаймай, кәсіп бастаған Шолпанның тың жоспары көп. Енді ол мал бордақылау ісін қолға алмақ.

Агроөнеркәсіп кешені – экономиканың тұрақты дамып келе жатқан секторының бірі ғана емес, бизнес үшін тартымды сала. Оның маңыздылығы карантин уақытында қатты білінді. Мемлекет қолдауының арқасында салаға ерекше екіпін беріліп, серпін артты. «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингіне қарасты «ҚазАгроҚаржы» АҚ да мүмкіндігінше агроөнеркәсіптегі шағын және орта бизнестің дамуына қолдау көрсетуде. Жуырда акционерлік қоғам баспасөз турын ұйымдастырып, атқарылған ауқымды іс пен қолға алынған бастамалар жайын таныстырған болатын.

Сb Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы».

Бизнес үшін тартымды сала

«ҚазАгроМир» серіктестігінің жылыжайында өткен шарада маңызды мәселелерге басымдық берілді. Сонымен қатар қазір сауда орындарындағы қияр бағасы арзандағаны да айтылды. Бағаның тұрақталуына қалаға қарасты Махамбетов ауылындағы қияр өсіретін осы жылыжайдың іске қосылуы септігін тигізіп отыр. Жергілікті халық үшін игілігі мол агроқожа испан технологиясымен салынған. Алып жылыжай кешенінің аумағы 2 гектарды құрайды. Агроном Ақылбек Тілеуовтің айтуынша, мұнда қысы-жазы 22 градус жылы температура сақталады екен. Жылыжайда ТМД елдеріне кең тараған қиярдың «Мономах» тұқымы егіледі. Тұқым себілгеннен кейін 45 күнде алғашқы өнімін береді. Жабық кешен тамшылатып суару әдісімен автоматтандырылған жүйеге қосылған. Ал, мұндағы жұмысшылардың барлығы дерлік осы ауылдың азаматтары.

Жалпы, «ҚазАгроҚаржы» облыста осындай кешендерді дамытуға 41 миллиард теңге инвестициялаған. Оның ішінде 34 миллиард теңге 2050 бірлік ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға, ал 7 миллиард теңгесі инвест-жобаларды қолдауға, мал сою цехтары, сүт-тауар фермалары, мал бордақылау алаңдары мен жылыжайларға бағытталып отыр.

– Мемлекет қолдауының арқасында бүгінгі күні шаруаларда айтарлықтай мәселе жоқ. 10-15 жыл бұрын оларға қаржы қолбайлау болып, қандай техникамен егіске кірісемін деп бас қатырса,



Екі ортада кішігірім көлдер болса, су соларға жетіп, балық осылай ағып келуі де мүмкін, – деді серіктестік филиалының директоры.

Ал Сырдариядағы балықтың адам денсаулығына зияны туралы хабарламаға байланысты «ветеринариялық зерттеу жүргізілмегендіктен әзірге кәсіп айту қиын» деп қайырды.

– Сондықтан өзеннен ұсталған балықты зерттеу қорытындысы шыққанға дейін тұтынбаған жөн. Өйткені қалдық су болғасын оның құрамы бұзылатыны анық. Тағы бір мәселе, әуесқой балықшылар өздері ұстаған бірнеше балықтың арасынан біреуінің терісі немесе бүйірі қызарғанын көріп, дереу әлеуметтік желі арқылы халыққа таратып үлгеруде. Бұл жерде балық уылдырық шашатын уақытта олардың бүйірі үлкейетіні – табиғи заңдылық. Өйткені уылдырығын немесе шәуетін шашуы тиіс. Маман болмаған соң анық-қанығын білмей көпшілікті дүрбелеңге салуға болмайды, – деді ол.

Айтуынша, балық шаруашылығы инспекциясының өкілдері Сырдария өзенінен ұсталған су маржанының сынамасын алды. Енді тек қорытындысын күту керек.

Үміт отын жағу – үлкен жеңіс



Өзбекстандағы «Сардоба» су қоймасының жарылуынан болған апаттың салдарын жоюда Сыр халқы да қарап қалмады. Ең алғашқылардың бірі болып, гуманитарлық көмекке асыққан керуендер көші бет түзеді. Дегенмен, қалыпты өмір сүруге үйренген адам санасы күйзеліске түсіп кетуі де мүмкін.

Адам баласы болған дүние-мүлік, құтқару қызметінің жеделдігі секілді тағы да басқа түрлі себептер әсер етеді. Мұндай жағдайда жүйкесі жұқарып, ашушандық танытып, ағзаның қалыпты жұмыс жасауы бұзылады. Тіпті кей психологиялық дайындығы төмен адамдар, түсініксіз қылық шығарып, өз-өзіне жауап беруден қалуы да мүмкін.

Бұл ғылымда дәлелденген. Сондықтан да, абырпап қалған халыққа, міндетті көмектің бірі – психологиялық көмек. Жұртшылықты мемлекет тарапынан барлық көмектер көрсетілетініне, кеткен шығындар толыққанды орнына

көрсетілмеген көмектің салдарынан психикасында өмір бойы жара қалуы да мүмкін. Басты шешім – үздіксіз, тұрақты түрде жұмыс жасау.

Біз ересектермен, балалармен, қарт кісілермен де араласып жүрміз. Бүгінге дейін 500-ден аса тұрғын, оның ішінде 100-ден аса балаға психологиялық көмек берілді. Басты нысанамызды үш топқа іріктеп алдық. Бірінші топ – жедел көмек қажет ететін адамдар. Бұған апат ошағында қалып қойғандар жатады, яғни үйінділердің астында немесе суда көмексіз қалғандар. Екінші кезекте жарақат алған және жақындарынан көз жазып қалған адамдар. Үшінші топқа оқиғаға қатысушы адамдар жатады. Бастапқы екі топқа жататын халықты үздіксіз бақылап отырамыз. Ол кісілерде өз-өзіне зиян келтіру қаупі болады. Дегенмен, әзірге оқыс жағдайлар тіркелген жоқ.



келетініне сендіру, үміт отын жағу – үлкен жеңіс.

Біздер де дәл қазір апат орнындамыз. ҚР ІІМ ТЖК «Апаттар медицинасы орталығы» облыс бойынша филиалы және Алматы облысы «Апаттар медицинасы орталығы» І шұғыл әрекет ету бригадасы атынан шымыкенттік психолог Сапарбай Еңлікпен бірге ша-тырларда жатып, халықпен тікелей араласып жүрміз. Олардың күнделікті өміріне араласып, медициналық-психологиялық қолдау білдіріп, қамқорлық жандардың күйзеліске түспеуіне жәрдем етудеміз. Психологиялық көмек іс-әрекетпен, жылы қарым-қатынаспен беріледі.

Моральдық соққы алған адамдардың іс-әрекетіне та-нырмауға, қарсы пікір білдірмеуге тырысамыз. Кәсіби әдіс-тәсілдер арқылы психологиялық, психофизикалық және жағымсыз эмоцио-налдық катынастарды ретке келтіру, дамуының алдын алу – біздің жұмысымыздың басты нысаны. Себебі қиындыққа тап болған адам әсерді тез қабылдайды. Дер кезінде

Адамдарға ең бастысы жылулық керек. Үкіметтен көрсетіліп жатқан қолдау, мамандар қызметі, елдің ыстық ықыласы – бәрі-бәрі жандарына медеу. Арнайы мамандардан бөлек, ерікті аза-маттар да апат ошақтарында қызмет көрсетіп жатыр. Психолог маман ретінде «Тыңдай біліңіз, не айтса да қарсы пікір білдірмей, келісетінінізді ай-тыңыз, даусыңызды көтер-меніз, «сізге қандай көмек бере аламын?» деп сұраныз, ашушандық танытпаңыз, ол кісілер не айтса да қосылыңыз, мәселесіне келісе отыра, түсіндіріңіз» деп кеңес бергім келеді.

Біздің тәжірибемізде пси-хикалық қиындық туындаған жандар кездесті. Әріп-тестерімізбен бірге қажетті шараларды жасадық. Психологиялық тұжырым бойынша, алғашқы күндерге қарағанда қазір халықтың жағдайы тұрақталған. Тұрғындар бізді де өз бауырларына тартып, алғысын білдіріп жатады. Бұл, әрине, мақсатты істің нәтижесі деп білеміз.

Жазира ДОСАЕВА,
ҚР ІІМ ТЖК «Апаттар медицинасы орталығы» облыс бойынша филиалының психологі.

«Сырдария балығы жеуге жарамсыз» деген рас па?

Әлеуметтік желіде «Сардоба» апаты салдарынан Сырдария өзенінің суы ластанып, содан балықтың жеуге жарамсыз күйге түскені туралы хабарлама тарайды. Осыған орай «Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС Арал филиалының директоры Тынысбек Барақбаев түсінік берді.

Сb Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы».

Өзбекстандағы «Сардоба» су қоймасының жарылуына байланысты топан су Қазақстанмен шекарада орналасқан Түркістан облысының Мақтаарал ауданындағы бірқатар ауылын шайып кеткені белгілі.

– Тап су басқан ауылдардан шамамен 20-25 шақырым қашықтықта орналасқан. Қойма жарылғандықтан су өзінің жолындағы егістік бар, оған шашылған тыңайтқыш бар, тұрмыстық қалдық бар – соның бәрін басып келді. Осылайша ластанды. Бірақ әлеуметтік желідегі лас



судың Сырдарияға түскені туралы ақпарат қисынға келмейді. Өйткені Өзбекстанмен шекарадағы ауылдар Сырдария өзені мен «Шардара» су қоймасынан 60 шақырымдай аулақ жерде орналасқан, – деді ол.

Т.Барақбаевтың айтуынша, «Сардоба-дан» ағып келген су егістік пен жайылымға тараған.

– Ол маңайда халықаралық, республикалық маңызды қандай да бір су айдыны жоқ. Су айдынына түскені туралы дерек те тіркелмеді. Мына нәрсені ескеру керек: Өзбекстандағы жарылған су қоймасынан балық келуі мүмкін.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақ тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қауіпсіздікпен таратылады. Жарияландыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Меншік иесі СЫР МЕДИЯ жауапкершілігі шектеулі серіктестігі		Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)		Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақ тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қауіпсіздікпен таратылады. Жарияландыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.		Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.	
БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)		БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)		Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.		Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылады. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.	
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".		e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz		Таралымы 28633 Тапсырыс №707		Кезекші редактор Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.	